

Мемлекет пен бизнес – сенімді серіктестер. Шағын және орта бизнестің дамуына заңсыз кедергі келтіретіндердің бәрі заңға сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ



МЕЙІРІМ МЕН ҚАМҚОРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

2

МЕРЕЙТОЙ



АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

10

КАТАР-2022



ФУТБОЛДАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

3.12.2022

Түнде:



-8-10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-2-4 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 13 м/с

4.12.2022

Түнде:



-10-12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



-4-6 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 13 м/с



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №143 (6278) 3 желтоқсан, сенбі, 2022 жыл.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ

ҚЫРАН ҚҰС, ҚҰМАЙ ТАЗЫ, САЯТШЫЛЫҚ

Алатау бөктерінде бүркітті қолға үйретіп, тазыны аңға салған «Қыран» республикалық құсбегілер додасы өтті



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Халқымыз ежелден табиғатқа барынша жақын болған. Оған ұлттық өнеріміз бен спортымыз да дәлел. Бүгінде бабалар өмірінің бейнесін айқындайтын құсбегілікке қызығушылардың қарасы қалың. Алматыда өткен ұлттық өнер ұлықталған құсбегілердің бәйгесіне біз де куә болып қайтқан едік.

12-13

ӘЛЕУМЕТ

ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН ДЕГЕН ЖАНҒА ШЕКТЕУ ЖОҚ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бейсенбі күні Алматы қаласының Медеу аудандық әкімдігінің және қалалық «Жұмыспен қамту орталығының» ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін бос жұмыс орындар жәрмеңкесі өтті. Кезекті жәрмеңкеге аудан бойынша 40-тан астам түрлі салада қызмет ететін мекемелер қатысты. Осы мекемелер 150-дей бос жұмыс орындарын ұсынып отыр.

ҚЫСҚА...

- Республикалық «Киік» акциясы басталды.
- Қапталған су мен сусындар енді таңбаланбайды.
- Демалыс күндері елімізде 34 градусқа дейін аяз болады.
- Қазақстанда автокөліктердің сынақ полигоны пайда болады.
- 5 миллионнан астам қазақстандық ревакцинацияланды.
- Жастардың 43 %-ы энергетикалық сусындарға әуестенуде.
- Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы қызмет алғандар қатары артты.
- Алматыда бос жұмыс орындарының жәрмеңкесі өтті.
- Мегаполисте апатты жағдайда тұрған жеделсатылар толығымен жойылды.
- Алматылық сот орындаушылар алимент өндіріп алу туралы 14 мыңнан астам атқарушылық іс жүргізуде.

www.almaty-akshamy.kz



3



«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, Мемлекет басшысы швейцариялық «Roche Holding AG» фармацевтикалық концернінің басқару төрағасы Кристоф Францты қабылдады.

Президентке елімізде қатерлі ісікке қарсы инновациялық дәрі өндірісін ашу жобасының жүзеге асырылу барысы туралы ақпарат берілді. Тиісті келісімге Қазақстанның Денсаулық сақтау министрлігі мен «Roche Holding AG» компаниясы арасында қол қойылды. Кристоф Франц Президентке қатерлі ісікті анықтаудың инновациялық тәсілдерін игеруге қатысты Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтымен бірлесе жүргізіп жатқан жұмыстары туралы айтты. Сонымен қатар, келесі жылы компанияның қолдауымен Назарбаев Университеті Медицина мектебінің базасында жергілікті мамандардың біліктілігін арттыруға арналған зертханалық диагностикалық тренинг-орталығын ашу жоспарланып отыр. Сондай-ақ, кездесуде Қазақстанда медицина ғылымын дамыту мәселесі де талқыланды.

■ СЕНАТ

ҚР Парламенті Сенатында «Қолжетімді және тиімді денсаулық сақтау жүйесі» тақырыбына арналған үкімет сағаты болды. Отырыс Президенттің «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру аясында өтті.

Палата Төрағасының орынбасары Ольга Перепечина әр азаматқа денсаулық сақтау құқығын іске асыруға мүмкіндік беретін жағдай жасау – мемлекеттік саясаттың басты басымдығы екенін атап өтті. Саладағы проблемалар өзекті болып қала беретіні және оған сенаторлар өңірлерге сапарлары барысында бірнеше рет көз жеткізгені атап өтілді. Ольга Перепечина Мемлекет басшысы ұлт денсаулығын қамтамасыз етудің басты шарты ретінде қоғамның үйлесімді дамуы екенін айтқанын еске салды. Үкімет сағаты барысында денсаулық сақтау саласындағы проблемалардың шешілуі өңірлерді одан әрі дамытуда маңызды зор екені атап өтілді. Үкімет сағатының қорытындысы бойынша Үкіметке жіберілетін ұсынымдар әзірленетін болды.

■ МӘЖІЛІС

Мәжіліс депутаттары экологиялық құқық бұзушылықтарға жауапкершілікті күшейтетін заң жобасын мақұлдады.

Палатаның жалпы отырысында депутаттар өсімдіктер дүниесі, агломерацияларды дамыту және Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Әкімшілік кодекстерге экологиялық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілікті күшейтетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобаларын екінші оқылымда мақұлдап, өзге де бірқатар заң жобасын қарады. Экологиялық құқық бұзушылықтарға жауаптылықты күшейту мәселелері бойынша Қылмыстық және Әкімшілік құқық бұзушылық кодекстерге енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар да екінші оқылымда мақұлданды. Заң жобасы Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын іске асыру мақсатында әзірленген. «Қазақстанның ұлттық парктері мен басқа да табиғи байлықтарын қорғау, осы салада құқық бұзушылық жасаған азаматтарды қылмыстық қудалауды қатаңдату» міндеті қойылды. Заң жобасымен жұмыс істеу барысында депутаттар екінші оқылымға Мемлекет басшысының вандализм көріністері, қоғамдық және жеке мүлікті бүлдіргені үшін жауаптылықты қатаңдату туралы тапсырмасын орындауға бағытталған түзетулер енгізді», – деді заң жобасы бойынша баяндама жасаған Экология мәселелері және табиғатты пайдалану комитетінің мүшесі Ғалымжан Елеуов. Көлік және жер қойнауын пайдалану мәселелері туралы заң жобасына Сенат енгізген өзгерістер қаралып, «Өсімдіктер дүниесі туралы» және «Агломерацияларды дамыту туралы» заң жобалары да екінші оқылымда мақұлданды.

■ МИНИСТР

ЕҚЫҰ Сыртқы істер министрлері кеңесінің 29-шы отырысы шеңберінде Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі Мұхтар Тілеуберді C5+1 форматындағы «Орталық Азия және Германия Федеративтік Республикасы» министрлік кездесуіне қатысты.

Кездесудің күн тәртібіне Орталық Азиядағы өңірлік ынтымақтастық, Ауғанстандағы қауіпсіздік, климаттың өзгеруінің аймақ экономикасына әсері және т.б. мәселелер кірді. ҚР сыртқы саяси ведомствосының басшысы өз сөзінде транзит-көліктік саладағы ынтымақтастық мәселесі әлемдегі бұрын-соңды болмаған соңғы геосаяси өзгерістер мен жеткізу тізбегінің бұзылуы аясында ерекше өзекті болып отырғанын атап өтті. «Қазақстан Орталық Азия мен Еуропа арасында, оның ішінде Германиямен өзара үлкен байланыс орнатуға мүдделі. Біз қатысушыларды Орталық Азияның Мемлекетаралық су-энергетикалық консорциумын құру бастамасына қосылуға шақырамыз», – деді М.Тілеуберді. Тараптар баламалы маршруттарды, атап айтқанда, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамытуға өзара мүдделіліктің жоғары деңгейін растады.

■ ПОРТАЛ

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметіне сүйенсек, 2022 жылдың басынан бері мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қызметтер порталы арқылы 338 мыңнан астам қызмет алған екен.

«Әлеуметтік қызметтер порталы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін енгізу Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар шеңберінде қарастырылған. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі хабарлағандай, осы жылдың басынан бастап әлеуметтік қызметтер порталы арқылы шамамен 304,3 мың мүгедектігі бар адам оналтудың техникалық құралдарын (ОТҚ), 7,2 мың – ымдау тілі қызметін, 26,9 мың – жеке көмекшінің қызметін алған екен. Сондай-ақ, Портал арқылы кепілдік берілген әлеуметтік топтамаларға 105 мың тапсырыс рәсімделді. Портал мүгедектігі бар адамдарға оналтудың техникалық құралдары мен қызметтерін өндірушіні және жеткізушіні өз бетінше таңдауға мүмкіндік береді. Көмек түріне тапсырыс беру көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен растау арқылы жүзеге асырылады. Тапсырыс берілген оналтудың техникалық құралдарын жеткізу немесе өз бетінше әкету арқылы алуға болады. Мүгедектігі бар адамдарды оналту құралдарымен қамтамасыз ету протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық және гигиеналық құралдар, сондай-ақ кресло-арбалар беруді қамтиды.

БАЛАЛАР ЖЫЛЫ

МЕЙІРІМ МЕН
ҚАМҚОРЛЫҚ МЕРЕКЕСІ

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Жылда 3 желтоқсанда әлем бойынша Халықаралық мүгедектер күні атап өтіледі. Бұл күні дүние жүзіндегі мүгедектердің құқықтары, әл-ауқаты мәселелері талқыланады. Халықаралық мүгедектер күні аясында Алматы қаласы Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы КММ-мен бірлесіп «Қуану – бұл өмір сүруді білдіреді!» атты салтанатты шара ұйымдастырды.

Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматыдағы Түркісіб ауданында орналасқан «Махинур» мейрамханасына мүгедектігі бар 100 шақты бала мен олардың ата-аналары қонақ ретінде шақырылып, оларға арнайы дастархан жайылды, ән шырқалып, ойындар ойнатылды, балалар билеп, бір серпіліп қалды. Ұйымдастырушылар балалар үшін ерекше мереке сыйлады. Кішкентай қонақтарға мерекелік сыйлықтар үлестірілді. Олар анимациялық шоу және жас таланттардың, қазақстандық эстрада жұлдыздарының, сондай-ақ орталық қызметкерлерінің қатысуымен қойылған концертті тамашалады.

Шараға Алматы қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының өкілдері, Қазақстан халқы Ас-

самблеясына қарасты ұйғыр, күрд, түрік, дүнген, т.б. мәдени орталықтардың басшылары, Аналар кеңесінің мүшелері қатысты.

«Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы КММ-нің директоры Нұрғайым Дүйсебаеваның айтуынша, ерекше балаларға арналған мұндай шаралар Наурыз, Құрбан айт, Жаңа жыл секілді әр мереке сайын өткізіліп тұрады.

«Аяла» әлеуметтік қызметтер орталығы КММ – 1,5 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға және тірек қимыл аппараты бұзылған кәмелет жастан асқан ересек

● АНЫҚТАМА:

Халықаралық мүгедектер күнін атап өту өткен ғасырдың 80-жылдарында, Біріккен Ұлттар Ұйымы 1983–1992 жылдарды мүгедектердің онжылдығы деп жариялаған кезде басталды. Қазіргі таңда мүгедектік бүкіл планетаның тұрғындары үшін өзекті мәселе болып қала береді. Қазақстанда мүгедектігі бар жандардың саны 651, 9 мыңнан асады. Алматыда 150 мыңдай мүгедек адам тұрады.

● ӘЛЕУМЕТ

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЖАЛАҚЫ
МЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ
МӨЛШЕРІ БЕЛГІЛЕНДІГүлжанат
СЕМБАЕВА

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1 желтоқсанда қол қойған «2023–2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Заң ең төменгі жалақы мөлшерін, АЕК және басқа да есептік көрсеткіштерді белгілейді. 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап: ең төменгі жалақы мөлшері – 70 000 теңге; мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 24 341 теңге; зейнетақының ең төменгі мөлшері – 53 076 теңге; айлық есептік көрсеткіш – 3450 теңге; базалық әлеуметтік төлемдердің мөлшерін есептеу үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы – 40 567 теңге мөлшерінде белгіленді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдеріне бағытталған қаражат олардың мөлшерін 10,5%-ға арттыруды ескере отырып көзделгені анықталды.

Әскери қызметшілерге (мерзімді қызметтің әскери қызметшілерінен басқа) және арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдшерлік қызметтің қызметкерлеріне тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге арналған ақшалай өтемақының айлық мөлшері 3739 теңгені құрайды.

● ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

ЖӘРМЕНКЕДЕ
БАҒА АРЗАН

Алматыда демалыс күндері ауыл шаруашылығы жәрменкелері өтеді

Алматыда желтоқсан айы бойы әрбір сенбі және жексенбі күндері Алматы облысының жақын маңдағы аудандары (Қарасай, Жамбыл, Іле, Талғар және Еңбекшіқазақ) тауар өндірушілерінің, сонымен қатар, Алматы қаласының азық-түлік кәсіпорындарының қатысуымен ауыл шаруашылығы жәрменкесі өткізіледі.

Жәрменкелер мына мекенжайларда орналасқан:

1. Алмалы ауданы (Гоголь көшесі, Масаншы көшесінің қиылысы);
2. Бостандық ауданы («Қазақфильм» ықшам-ауданы);
3. Әуезов ауданы (Абай даңғылы, Өтеген батыр көшесінің қиылысы);
4. Медеу ауданы (Мендікұлов көшесі, Бектұров көшесінің қиылысы және Шевченко көшесі, Қонаев көшесінің қиылысы);
5. Түркісіб ауданы («Жұлдыз» ықшамауданы).

Жәрменке сенбі және жексенбі күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ӘЛЕУМЕТ

ЖҰМЫС ІСТЕЙМІН ДЕГЕН ЖАНҒА ШЕКТЕУ ЖОҚ



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Айнұр
СЕНБАЕВА**

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, еліміздің кез келген азаматы, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі жандар да жұмыс істеп, табыс табуға құқылы. Осы орайда мемлекет мүгедектігі бар адамдарға арналған бірнеше шара мен арнайы жобаларды жүзеге асыруда. Айталық, мемлекет жұмыс орындарын ұсынатын мекемелерге арнайы квота бөледі, жеке кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуға қосымша жұмыс орындары қарастырылады, мүгедектігі бар адамдарға арнап арнайы құрылған жұмыс орындары ашылуда, сондай-ақ мүгедектігі бар жандар кәсіби оқыту ұйымдары арқылы жұмысқа орналаса алады.

«Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңға сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептегенде, жұмыс істейтіндердің жалпы санының (жалдамалы жұмыскерлердің жалпы саны кемінде 50 адам болғанда) 2-ден пайызға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілейді.

Медеу ауданы әкімдігі аппаратының Әлеуметтік сала бөлімінің басшысы Сәкен Аралбаевтың айтуынша, жәрмеңкенің мақсаты – Медеу ауданындағы мүмкіндігі шектеулі жандарды тұрақты жұмыспен қамту.

«Бүгінде Медеу ауданында 3 мыңнан астам мүмкіндігі шектеулі жан бар. Соның 70 пайызға жуығы жұмысқа қабілетті азаматтар. Осы азаматтарды жұмыспен қамту бағытында біраз шаралар атқарылып жатыр. Бұған дейін ауданымызда «Еңбек» бағдарламасы

аясында 300-ден астам азамат әлеуметтік жұмыс орындарына тартылған еді. Енді мүгедектігі бар жандарды тұрақты жұмыспен қамтуға тырысып жатырмыз. Жұмыс берушілер мүмкіндігі шектеулі жандарға жалақысы 150-200 мың аралығындағы жұмыс орындарын ұсынып отыр. Бос жұмыс орындары мүгедектігі бар жандардың мүмкіндіктерін ескере отырып жинақталған. Жалпы Алматы сынды мегаполисте кез келген адамға жұмыс табылады», – дейді Сәкен Жапарұлы.

Жәрмеңкеге келген Ержан Баймырза – бір отбасының асыраушысы. Осыдан 10 шақты жыл бұрын ауыр науқасқа шалдыққан азамат ІІ топтағы мүгедек. Ол балдақпен жүреді, құлағы да аппарат арқылы естиді. Бірақ ер-азамат өзінің осындай жағдайына қарамастан еңбек етуден қашпайтынын айтады. «Қазір үйде балаларымның сабағын оқытам, мектепке шығарып салып, күтіп алам. «Екі қолға бір күрек» демекші, үйде отырсам да жұмыс істеп қоғамға пайдалы болғым келеді. Сондықтан Жұмыспен қамту орталығына түйінде-мемді қалдырып қойған едім. Осындай бос орындар жәрмеңкесі болатынын айтып хабарласты. Бүгін өзіме лайық жұмыс табылып қалар деген үмітпен келдім», – дейді Ержан.

Жәрмеңкеге қатысып жатқан мекемелердің тізіміне көз жүгіртіп көрдік. Жұмыс берушілердің қатарында қонақүй, мектеп, жанар май бекеттері, коллекторлық ұйымдар, басқа да көптеген мекемелер бар екен. Олар мүмкіндігі шектеулі жандарға: ыдыс жуушы, киім үтіктеуші, жанармай бекеттеріне оператор, коллекторлық компанияларға қоңырауға жауап беруші және теникалық қызметкерлер секілді жұмыстарды ұсынып отыр. Мүгедектігі бар жандар арасында жоғары білімді азаматтар да жетерлік. Оларға да лайық жұмыс бар. Қысқасы, жұмыс істеймін деген азаматқа шектеу жоқ.

«БИЗНЕС БАСТАУ»

ҚАЙТАРЫМСЫЗ ГРАНТ алған 1600-ге жуық алматылық өз кәсібін бастады

Алматыда биыл 1600-ге жуық адам қайтарымсыз грант алып, өз кәсібін бастады. Ал бүгіннен бастап «Бизнес бастау» бағдарламасы арқылы білімін жетілдіруге 4700-ден аса адам ынта білдірген.

**Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Қайтарымсыз грант алу мүмкіндігі еліміздегі кәсіпкерлікті дамыту ұлттық жобасы аясында жүзеге асып отыр. Ол жастарға, көпбалалы аналарға, аз қамтылған, мүгедек бала асырап отырған отбасыларға өздерін тұрақты табыспен қамтамасыз ету үшін көмек ретінде беріледі. Қайтарымсыз грант көлемі – 400 айлық есептік көрсеткіш, яғни 1 млн 225 мың теңге. Яғни бұл қаражат ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерге өздерінің бизнес-әлеуетін ашуға, өндірісті жолға қоюға және дамытуға, сол арқылы тұрақты жұмыспен айналысуға мүмкіндік береді. Өтеусіз берілетін бастапқы капиталды жаңа бизнесті бастауға немесе бар кәсіпті дамытуға жұмсауға болады. Ескерте кететін бір жайт, грант қаражаты несие өтеуге, жер телімін сатып алуға берілмейді.

Алматылық 29 жастағы 4 баланың анасы Динара Аңсатбаева тігінші мамандығын бітірген. 6 жылдан бері бала күтіміне байланысты үйде отырған келіншек үйдегі тірлік-



тен қолы қалт ете қалса, бос уақытын осы іске арнайды екен. Ісмер келіншекке қайтарымсыз грант өзінің сүйікті ісін дөңгелетіп әкетуге зор мүмкіндік берген. Құжат тапсырған соң, бар болғаны 2 аптаның ішінде қаражат қалтасына түскенін айтады. Көптен бері армандап жүрген жаңа тігін машиналарын сатып алды.

«Мен оған кесте тігетін машинаны алдым. Сосын керекті құрал-жабдықтар сатып алдым. Машинаның арнайы бағдарламасын оқыдым. Ол кез келген сөзді кез келген затқа тігіп береді», – деді көпбалалы ана.

Өз ісіне ұқыпты келіншектің бүгінде тұрақты клиенттері де бар. Тігіннің түр-түрін білетін келіншекке тұтынушылардан жиі тапсырыс түседі екен. Жалпы Жетісу ауданында Динара секілді биыл сүйікті ісін кәсіпке айналдырған 101 адам бар. Олардың басым бөлігі тәттілер пісіретін шағын кондитерлік цех ашса, біразы ательені іске қосқан.

БРИФИНГ

ҚАЛА МЕНШІГІНЕ ҚАБЫЛДАНДЫ

Алматының коммуналдық меншігіне биыл жаңадан салынған 84 жылжымайтын мүлік нысаны қабылданды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің онлайн брифингінде Алматы қаласының Мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Абзал Егембердиев айтты.

Биылғы жылдың 1 қарашасындағы жағдай бойынша қаланың коммуналдық меншігіне берілген жаңадан салынған 84 жылжымайтын мүлік нысандарының арасында жаңа салынған 18 білім беру нысаны (оның ішінде мектептерге жалғанып салынған 14 жапсарлас құрылыс); 63 көппәтерлі тұрғын үй және 3 дене шынықтыру-сауықтыру кешені бар.

«Республикалық меншіктен коммуналдық меншікке 99 жылжымайтын мүлік нысаны қабылданды, бұл – 88 пәтер және 11 жылжымайтын мүлік нысаны. 7 сыйға тарту шарты бойынша 1 пәтер, 2 ғимарат, 3 футбол түріндегі ангар және бағдарламалық өнім қабылданды», – деп атап өтті Алматы қаласының МАБ басшысы.

Брифингте 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап 2022 жылдың 1 қарашасына дейін Алматы қаласы әкімдігінің қаулыларына сәйкес жаңадан салынған 32 инженерлік нысан қаланың коммуналдық меншігіне қабылданғаны белгілі болды. Бұл тізімде су және кәріз желілері, құрылыс және автокөлік жолдарын реконструкциялау нысандары, сыртқы жарықтандыру, телефон желілері мен жол белгілері, жылу желілері, саябақ мүлкі және т.б. бар.

Абзал Егембердиевтің айтуынша, 2019 жылдың 1 мамырынан бастап Алматы қаласы бойынша мемлекеттік сатып алудың жалғыз ұйымдастырушысы болып Алматы қаласының Мемлекеттік активтер басқармасы тағайындалды.

2022 жылдың 10 айында жалпы сомасы 254,6 млрд теңгеге 397 конкурс жарияланды, оның ішінде: жұмыстар бойынша, 177,7 млрд теңгеге 220 конкурс; тауарлар бойынша 58,7 млрд теңге сомасына 49 конкурс; қызмет көрсету бойынша 18,1 млрд теңге сомасына 128 конкурс. Сатып алудан түскен үнемдеу 7,8 млрд теңгені құрады.

Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №17 бұйрығымен бекітілген



Мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға беру ережелеріне және Мемлекеттік мүлікті сенімгерлікпен басқару туралы үлгі шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

Нысанды сенімгерлік басқаруға беру үшін уәкілетті мемлекеттік орган осы мәселені бұл сұраққа қатысты жетекшілік ететін Алматы қаласы әкімінің орынбасарының төрағалығымен Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі заңды тұлғаларды және жылжымайтын мүлік нысандарын оңтайландыру жөніндегі комиссияның қарауына енгізуі қажет.

Нысанды сенімгерлік басқаруға беру e-qazupa.kz реестрінің веб-порталында тендер өткізу жолымен жүзеге асырылады, онда тендерді мемлекет үшін ең жақсы деген ұсыныстар жасаған қатысушы ұтады.

Биылғы жылы басқаруға берілгендер:

– 5 жыл мерзімге дейін сатып алу құқығынсыз 20 санитарлық-гигиеналық торап;

– 5 жыл мерзімге дейін сатып алу құқығынсыз Ауған соғысына қатысқан ардагерлер мен мүгедектерді қолдау бойынша орталық ашу үшін Өуезов ауданы, 5 ықшамауданы, 58 А мекенжайында орналасқан ғимарат;

– 5 жыл мерзімге дейін сатып алу құқығынсыз Алатау ауданы, Солтүстік айналым, 58/3 мекен жайы бойынша орналасқан ақыл-кемістігі бар адамдарға қолдау көрсету үшін «Тренинг-кафе» ашуға арналған ғимарат;

– Жетісу ауданының «Бақытты отбасы» орталығын ашу үшін Жетісу ауданы, Жансүгіров көшесі, 65/34 үй, Ломоносов көшесінің қиылысында орналасқан ғимарат;

– Алмалы ауданының «Бақытты отбасы» орталығын ашу үшін Наурызбай батыр көшесі, 106 А мекенжайында орналасқан ғимарат.

Айнұр НҰРСАБЕТ.

ЭКОЛОГИЯ

ҚҰРЫЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Алматы қаласында Орталық Азиядағы гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша өңірлік семинар өтті. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі хабарлады.

**Досбол
АТАЖАН**

Өңірлік семинар елдерге Гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз басқару бойынша озық халықаралық тәжірибелерді зерделеуге және оны Орталық Азияда қолдану мүмкіндігін талқылауға жәрдемдесуге бағытталған.

Семинар жұмысына 60-қа жуық қатысушы, соның ішінде Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан және Словакия сарапшылары, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігіне жауапты мемлекеттік органдар мен ұлттық қызметтердің өкілдері, ғылыми институттар мен өңірлік бассейндік су шаруашылығы ұйымдарының мамандары, сондай-ақ халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысты.

Іс-шараға қатысушылар Словакия, Үндістан және басқа елдердің гидротехникалық құрылыстармен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, оның ішінде тәуекелдерді басқару, қауіпсіздікті мониторингілеу және бағалау жүйесін қолдау, ерте хабарлау, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша тәжірибесін үйренді. Сонымен қатар, Дүниежүзілік банк жүргізген 51 елдегі бөгеттердің қауіпсіздігін жаһандық талдаудың қорытындыларымен танысты.

Өңірлік семинар Орталық Азияның бес елінің сарапшыларына Гидротехникалық құрылыстарды қауіпсіз басқарудың институционалдық, техникалық және ғылыми аспектілері туралы білім мен тәжірибе алмасуды жалғастыруға, сондай-ақ ынтымақтастықты дамытудың перспективалық тәсілдерін талқылауға мүмкіндік береді.

Семинарды Словакияның су ресурстарын басқару жөніндегі мемлекеттік кәсіпорнымен (Vodohospodarska ustavba) бірлесіп, Халықаралық суды бағалау орталығы (ХСБО) ұйымдастырды. Іс-шара Орталық Азияға арналған су-энергетикалық бағдарлама (CAWER) қаражаты есебінен Дүниежүзілік Банктің қаржылық қолдауымен және Словакия қоршаған орта министрлігі мен Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің ресми қолдауымен өткізілді.



ПЕН КЛУБ

ӘДЕБИЕТ
МЕРЕКЕСІАлматыда
жазушылар мен
публицистердің
III халықаралық
форумы өтуде

Қазақ ПЕН клубы ұйымдастырған «Жастар сөйлесін!», «Жастар туралы сөз» форумына 12 елдің прозашылары, акындары, публицистері, Қазақстанның жас жазушылары, Алматы қаласы әкімдігінің өкілдері қатысты. Мақсаты – қазақ әдебиетін шет елге насихаттап, әлем әдебиетінің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасып, талқылау, Қазақстанға өзге елден келген қаламгерлермен шығармашылық байланысты нығайта отырып, қазақ жазушыларына деген ықыласын арттыру. Елімізден 40-тан астам жазушылар мен акындар қатысқан мәні бөлек әдеби шара 2–4 желтоқсан күндері өтеді. Осымен үшінші рет өткізіліп отырған форумда қазіргі әдебиеттің күрделі мәселелері талқыланып жатыр. Жастарға арналған үшінші форумда олар үшін пайдалы, кәсіби шығармашылық деңгейін арттыратын әртүрлі семинарлар өткізіледі.

Смағұл ЕЛУБАЙ, жазушы,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері:

– Қазақ ПЕН клубының негізін қалаған, қазақ әдебиетінің ақсакалы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің атын атап кетпесе болмас. Мақсатының өзі қазақ жазушыларын әлем жазушыларымен байланыстырып, қазақ әдебиетін шама келгенше әлем кеңістігіне шығару болған. Осы бағытта көп жұмыс атқарылды. Бүгінгі форумның ұраны – жас әдебиетшілерді қолдау. Өкінішке қарай, әдебиеттің жасамыс ағалары жастарды көре бермейміз. Жақсы жазылған бір әңгіменің өзі жазушыны тарихта қалдырады. Жастарға қолдау, бағыт-бағдар беруіміз керек.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыдағы іргелі
Индустриалды аймақта тек ірі
компаниялар ғана жұмыс
істейді десек, қателесеміз. Ол
жерден шағын кәсіп ашып та
дөңгелетуге болады. Мәселен,
бөлмелердің есігін жасайтын
фабрика соның жарқын дәлелі.

Осы орайда сәл шегініс жасайық. Мемлекетке масыл болмай, кәсіп ашып, өз бетімізше күнімізді көрсек деп талаптанған алматылықтардан «Индустриалды аймақтағы шағын өнеркәсіп паркінен цех немесе шеберхана аша аламыз ба, жолдары қандай?» деген сауалдар жиі түсетін көрінеді. Соны, яғни шағын өнеркәсіп паркі қалай жұмыс істейтіні туралы түсіндіре кетейік.

Жалға беруші алдымен өндірістік орын (шағын өнеркәсіптік парк) салады. Оған инфрақұрылым (жарық, су, газ, кәріз құбыры, байланыс және т.б.) тартады. Сосын өндірістік орынды квадратура бойынша бөледі және бизнесімді жүргіземін деген жандарға дайын алаңдарды жалға ұсынады. Ал жалға алушы өз кезегінде «суды қайдан аламын, жарық пен газды ше» деп бас қатырып жатпайды, дап-дайын орынға барып, ісін бастап кетеді.

Жалға алушылар үшін тағы бір үлкен мүмкіндік – сол шағын нысанды кейінгірек өзінің меншігіне сатып алуына болады. Ол үшін арнайы өнеркәсіптік ипотека іске қосылған. Бұдан басқа, жалға алушылар 70 млн теңгеге дейінгі сомада 2%-бен және

«Біз тұтынушы емес, өндіруші мемлекетке
айналуымыз керек».

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС
ҚАНАТ ЖАЙЫП КЕЛЕДІИндустриалды аймақтың жеңілдіктері
кәсіпті ілгерілету үшін өте үлкен мүмкіндіктер береді

сомасы артық болса 6%-бен несиені пайдалана алады. Несиені айналым қаражатын толықтыруға, кәсібіне қажетті жабдықтарын, шикізат сатып алуға пайдалануына болады. Сөзіміздің басында айтып кеткен есік жасайтын фабрика дәл осы әдісті ұтымды пайдаланып отыр. Жұмысын 2021 жылы бастаған. Алматы Индустриалды аймақтың шағын өнеркәсіптік паркіндегі алғашқы қарлығаш-компаниялардың бірінен саналады. Қазір онда 90 адам жұмыс істеп жатыр. Қарапайым еңбек адамдары айына 30 түсті 40 түрлі моделі бар 10 мыңға дейін есік шығарады.

Индустриалды аймақтың бізге беріп отырған артықшылықтары мен жеңілдіктері кәсіпті ілгерілету үшін өте үлкен мүмкіндіктер берері сөзсіз. Шағын индустриалды парктегі цехты жалға алуқыны – 1200 тг/1 ш.м. Жалдау уақыты 7 жылға белгіленген, яғни осы уақыт

ішінде құны девальвация, инфляция немесе басқа да сыртқы факторларға қарамастан өспейді. Ал шағын цех немесе шеберхана иесі бұл уақыт ішінде тағы алға қарай жылжу жоспарын жасап, дами түседі.

Осылайша шағын өнеркәсіптік парк те жергілікті өндірісті дамытуға және импортты алмастыруға қауқарлы болмақ. Жоба «Almaty Business–2025» қалалық бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылған. Бүгінгі күні дәл осы тәжірибе тек Алматы қаласында ғана көрініс тауып отыр. Енді Қазақстанның өзге өңірлері де зерттеп, зерделеуде. Бүгінде Алматыда барлығы 8 шағын өнеркәсіп паркі ашылған. Тағы 11-і салынууда. Осындай өндірістік орындарды жалға алу кезегінде қазірдің өзінде 180-ден астам компания тұр. Бұл отандық өндірістің қарқынды дамып келе жатқанын білдіреді.

СЕМИНАР

Қазақстанда өндірістік және
құрылыс салаларындағы
қызметкерлерге сұраныс артты. Бұл
туралы Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі хабарлады.

Досбол
АТАЖАН

Биыл қазан айының қорытындысы бойынша Электрондық еңбек биржасында 109,2 мың бос жұмыс орны туралы хабарландыру жарияланған және өз қызметін ұсынатын 59,8 мың түйіндеме орналастырылған. Өткен аймен салыстырғанда жарияланған жұмыс орындарының саны 5,6%-ға төмендесе, ал түйіндеме саны үштен бірге (27,3%) азайған.

Министрлік мәліметінше, соңғы айда жоғары білікті мамандарға деген сұраныс төмендеп, біліктілігі орташа және төмен кадрларға сұраныс керісінше өскен. Нақтылап айтқанда, жоғары білікті мамандарға қажеттілік 35%-ға қысқарса (11,7 мың бос жұмыс орны), орташа және төмен кадрларға тиісінше 5% (+2,3 мың бос жұмыс орны) және 9% (+3 мың бос жұмыс орны) көбейді.

«Орта білікті мамандарға сұраныс тұрақты түрде көбейіп келеді, бірақ мұндай біліктілігі бар жұмыскерлер түйіндемелерінің саны өте аз екенін атап өткен жөн. Жұмыс іздеушілер арасында 40%-ға жуығы біліктілігі жоқ еңбек түрін ұсынатын кадрлар», – деп бөлісті ақпаратпен «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ Басқарушы директоры Александра Молчановская.

Қазан айында бос орындар саны бойынша көшбасшылар үштігіне өндіріс (15,9% немесе 17,3 мың бос жұмыс орны), білім беру және тәрбиелеу (10,4% немесе 11,3 мың бос жұмыс орны), құрылыс және сәулет (6,4% немесе 7 мың бос жұмыс орны) салалары кірді.

«Өткен айдағы еңбек нарығындағы серпінді қарастыра отырып, маусымдық ауытқуларға сәйкес өндірістік саладағы және ТКШ (Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық) саласындағы мамандықтар бойынша кадрларға қажеттілік айтарлықтай өскенін атап өтуге болады (+67%). Сонымен қатар, өндірісте ең танымал стационарлық жабдықтардың операторлары (8,5 мың бос жұмыс орны), дәнекерлеушілер

БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС
көбейіп келеді

мен фармацевтер (3,5 мың бос жұмыс орны), ал ТКШ-да слесарьлар мен сантехниктер (4,9 мың бос жұмыс орны) болды», – деді Александра Молчановская.

Жұмыс берушілер тарапынан ең аз сұраныс құқықтану, ғылым және консалтинг, сондай-ақ маркетинг және БАҚ сияқты салалардың мамандарына қатысты болды. Мамандықтар бойынша қазандық қондырғыларының операторлары (3081 түйіндемеге 5853 бос жұмыс орны), күзетшілер (472 түйіндемеге 1525 бос жұмыс орны), тігіншілер (220 түйіндемеге 1273 бос жұмыс орны), кенсе тазалаушылары (323 түйіндемеге 1271 бос жұмыс орны) және тәрбиешілер (620 түйіндемеге қарсы 1507 бос жұмыс орны) ең тапшы болды. Айдың қорытындысы бойынша жас бөлінісінде 45 жастан асқан жұмыс іздеушілердің үлесі 28%-ды (қыр-

күйекте – 27%), жастардың үлесі – 30%-ды (қыркүйекте – 34%) құрады, ал зейнеткерлік жас алдындағы әрбір оныншы адам жұмыс іздеуші болды.

Ең жоғары жалақыны 500 мыңнан 1 млн теңгеге дейін жұмыс берушілер өнеркәсіптік альпинистерге, қопарушы, инженерлер мен хирург-дәрігерлерге ұсынады. Осылайша қазан айында жұмыс берушілер тарапынан да, жұмыс іздеушілер тарапынан да белсенділіктің төмендеу үрдісі жалғасуда.

Бұл еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың маусымдық өзгеруіне байланысты. Бұл ретте құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және өндіріс саласының қызметкерлеріне қатысты сұраныстың артуы байқалады.



ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Пилоттық жоба іске қосылды



Рая
ЕСКЕНДІР

«Ұлттық цифрлық мансап орталығы» әзірлеген пилоттық жоба іске қосылып, 6 жоғары оқу орны өзара меморандумға қол қойды. Бұл жобаға Алматы қаласындағы ірі оқу орындары да қатысқалы отыр.

Қолға алынып отырған жоба аясында ең алдымен түлектерді жұмыспен қамту деңгейі жақсартылатын болады. Сонымен қатар, жобаға сай студенттерді кәсіби мансапқа дайындау үшін еліміздегі

барлық жоғары оқу орындары бірыңғай цифрлық платформаға бірігеді. Сондай-ақ, министрлік бұл жобаның арқасында білім беру ұйымдарына жүйелік деңгейде қолдау да көрсете алады. Осылайша «Ұлттық цифрлық мансап орталығы» министрлік пен жоғары оқу орындарының «Жаңа мамандықтар атласы» жобасы бойынша бірлескен жұмысының жалғасы болып қалады.

Бұл жобаның тағы бір артықшылығы, университеттердің еңбек нарығында бейімделуіне мүмкіндік береді. Жалпы, бұл жобаны linkedin аналогы деп те атауға болады. Бірыңғай деректер базасын құруға мүмкіндік берілгендіктен, оған жұмыс берушілер мен мемлекеттік органдардың кедергісіз кіруіне болады.

ЖАС МАМАН

Түлектерге жұмыс бар



Оқу орындары мен оқушы жастар үшін мамандық алып шыққан соң, жұмысқа орналасу деген қашанда өзекті мәселе болып саналады.

Бұл тұрғыда осыны жақсы жолға қойған оқу орындары да бар. Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжі ұзақ жылдар бойы қонақүй және мейрамхана бизнесі, тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі салаларында кадрларды даярлау және қайта даярлаумен айналысып келеді. Еңбек нарығында түлектеріне сұраныс зор болғандықтан, Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары арасында әлі күнге дейін алдыңғы қатарда.

Оқу ордасының тағы бір ерек-

шелігі – өзінің түлектерін жұмыспен қамтып отырады. Бұл тұрғыда оқу ордасы әлеуетті жұмыс берушілермен, салалық қауымдастықтармен, қалалық Білім басқармасымен әлеуметтік серіктестіктің арқасында ең тиімді және өзекті тәжірибелік оқу процестерін енгізе отырып, бәсекеге қабілетті танытып отыр.

Туризм және қонақжайлылық индустриясы колледжінің директоры Нұрәулет Жабыкбаевтың айтуынша, бүгінгі таңда білім алушыларды өмірге дайындау көбіне әлеуметтік серіктестермен ынтымақтастыққа байланысты. Колледж инновациялық қызметтің механизмдерін дамытады, өмірлік маңызы бар мәселелерді шешудің шығармашылық жолдарын қарастырады.

Осы жылдар ішінде колледж түрлі қоғамдық ұйымдармен меморандумға қол қойған. Мәселен, осындай қадамдар аясында студенттер мен өндірістік оқыту шеберлеріне француз тілін үйренуге, Франциядан келген аспаз және кондитерлік іс бойынша мамандармен колледж базасында ай сайын мастер-класстар өткізуге мүмкіндік туып отыр. Алматыдағы атақты мейрамхана әкімшілігі колледж студенттерінің өз базасында кәсіби байқауларға дайындалуына мүмкіндік тудырып, Қазақстаннан тыс жерлерде кәсіби байқауларға баруға көмек көрсетіп отыр.

КӨРМЕ

«Тәуелсіздік жаңғырығы»

Тәуелсіздік күніне орай, қаламыздағы О.Таңсықбаев атындағы Алматы сәндік-қолданбалы өнер колледжі оқытушылары «Тәуелсіздік жаңғырығы» атты шығармашылық көрме ұйымдастырды.



Көрмені ұйымдастырып отырған колледж оқытушыларының дені Қазақстан Суретшілер одағының мүшелері. Бұл жолғы көрмеден оқытушылардың ұлттық және заманауи бағыттағы ең танымал туындылары орын алды.

Сондай-ақ, қала тұрғындары мен қонақтар оқу ордасы түлектерінің жұмыстары қойылған мұражайды аралап көрді. Мұражайға еліміздің бейнелеу өнеріне айтарлықтай үлес қосып, соңынан мол қазына қалдырған атақты суретші-түлектердің дипломдық жұмыстарының түп нұсқаларына дейін қойылған. Қазақ бейнелеу өнерінің тұңғышы атанған О.Таңсықбаевтың «Аврамцев ормандары» атты танымал туындысы мен «Алтын-

Тоқпан үйіндісі» картинасының эскизі келушілерді ерекше сезімге бөледі. Кезінде осы колледжде білім алған Ж.Қайранбаевтың «Натура», А.Сапуговтың «Үй иесі» және т.б. суретшілердің жұмыстары көрмені толықтыра түсті.

Көрмеде ҚР Мәдениет қайраткері, «Қазақ халық аспаптары» кафедрасының меңгерушісі Зәмзағұл Измуратова жетекшілік ететін П.И.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің «Көшпенділер» фольклорлық оркестрі өнер көрсетті.

Көрермендер 85 жылдық оқу ордасының өткені мен бүгінгі тамашалап қана қоймай, әсем әуезді тыңдап, рухани сергіп қайтты.

ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ



Досбол
АТАЖАН

Narkostop жобасы аясында Алматы жастары есірткі жарнамасын жоюға атсалысты.

Алматы қаласының студенттері полиция қызметкерлерімен бірге Жетісу ауданындағы есірткі жарнамаларын жойды. Аталмыш іс-шара Narkostop жобасы аясында өткізілді. Студенттер көшеге шықпас бұрын оларға нашақорлық пен есірткінің зияны және мұндай іс-әрекеттердің заңмен қалай жазаланатыны туралы үгіт-насихаттық жұмыстар жүргізілді. Тиісті нұсқаулықты алғаннан кейін жастар құқық қорғау орган қызметкерлерімен бірге көшедегі есірткі жарнамаларын ақ бояумен өшірді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҒҰЛЫ

«Narkostop жобасы Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының бастамасымен іске асырылып жатыр. Бүгін Жетісу ауданының әкімдігімен бірігіп есірткі жарнамаларын жоюға кірістік. Іс-шараға жастар да атсалысуда. Біздің мақсатымыз – жастарды осындай іс-шараға жү-

мылдыру арқылы оларды салауатты өмір салтына және нашақорлықтан аулақ болуға шақыру», – деді жоба жетекшісі Айгерім Қадырқұлова.

Айта кеткен жөн, есірткі жарнамасын жою бойынша жұмыстар Алматының өзге де аудандарында өткізілді.

JAS CAMP ALMATY

Жұмыс істемейтін жастарға өтеусіз грант

Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ



Jas Camp Almaty жұмыс істемейтін жастарға арналған бес күндік бизнес-оқыту бағдарламасы аясында 100 адам кәсіпкерлік саласында кәсіби дағдыларды үйреніп, оқып шықты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жаттықтырушылар ретінде білім беру, медиа және ивент-агенттіктер және басқа да салалардың мамандары, сондай-ақ танымал әртістер, тележүргізушілер мен блогерлер тартылды. Іс-шараны «Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасы» КММ ұйымдастырды.

Ұйымдастыру комитетінде қатысушылар үш конкурстық турдан өткені айтылды. Бірінші кезеңде идеялар мен жобалар іріктелді: қа-

тысушыларды іріктеу қорытындысы бойынша оқуға жіберілген 100 адамнан тұратын тізім қалыптастырылды. Содан кейін оқудың өзі өтті. Мамандар-жаттықтырушылар тартылды. Соңғы кезеңде қатысушылар өз жобаларын қорғады.

«Шыны керек, жобаны мен достарым арқылы білдім. Әлеуметтік желі арқылы өзімнің анкетамды толтырып, бизнес жобамды жазып жібердім. Халыққа қандай пайдасы тиеді деген сұраққа жауап бердім. Осылайша 3-4 күннен кейін оқу бағдарламасына қабылданғаным туралы хабар

берді. Осылайша 5 күннің ішінде бизнес бағдарлармен таныс болдық. Әр күні әртүрлі тапсырмаларды алып, орындадық. Еліміздің түкпір-түкпірінен келген жастармен танысып, достар таптым. Ұйымдастырушыларға ерекше алғысымды білдіремін», – дейді Jas Camp Almaty қатысушысы Ернар Қырықбаев.

Жобаға қатысушылар ойларын ортаға салып, бизнес-жоспарларын әзірледі. Мәселен, Ернар Қырықбаев пошта хат-хабарларын жеткізу үшін пилотсыз тікұшақты қолдануды көздейді. Сәлемдемесі бар контейнер ұшу аппаратының төменгі бөлігіне орналастырылады немесе үстіне бекітіледі.

Естеріңізге сала кетейік, жұмыс істемейтін жастарға арналған Jas Camp Almaty жаңа жобасына 1 миллион теңге көлемінде өтеусіз грант алуға 100 адам қатысқан.

«АҚШАМНЫҢ» ХАТҚОРЖЫНЫНАН

Қайырымдылық – қазақтың қанындағы қасиет

Біз әдетте өткенімізбен мақтануға шеберміз. Тарихтағы батырлардың ерлігі, ұлы оқиғалар, тағысын-тағы.

Шын мәнінде, өткен мен бүгіннің, бүгін мен болашақтың арасындағы балансты сақтау үшін бұл қасиетті құп көрмейтіндердің қатары қалың. Ол жөн-ақ. Десе де, кез келген халықтың тайға таңба басқандай болмысы бар. Сол болмысты жоғалтпас үшін өткеннің жарқын парақтарын еске алып, шегелеп отырғанның айыбы жоқ. Біздің ұлтымыздың болмысын айшықтай түсетін бір қасиетіне ерекше тоқталғым келіп отыр. Ол – қайырымдылық.

Қайырымдылық – қазақтың қанындағы қасиет. Оны халқымыздың өмірлік тұрмыс-тіршілігін айқындайтын салт-дәстүрлерінен-ақ байқауға болады. Қайырымдылық турасында мынадай сөз бар: «Ерлік әдетте жұмсақ мінезді серік етеді, сондықтан ержүрек адам қайырымдылық жасауға басқадан гөрі қабілетті келеді». Бұдан мынадай тұжырым жасауға болады: «Қайырымдылық жасауға қабілеттілік – ерліктен тұған іс».

Ал бүгінде қаншалықты ержүректік? Бұл сауалдың жауабын жан-жақты қарастыруға болады. Десе де, жақсылық жайлы жарыса айту – жақсылықтың еселенуіне апарар жол деп білемін. Сол себепті, қазіргі таңда қайырымдылық жасап жүрген жандарды үлгі етіп, қайырымдылықтың «жария» түрін де, «жасырын» түрін де жасауды ұмытпасақ екен деген тілегім бар.

Жалпылама айтқанда, «Жомарт жүрек» жобасы, «Харекет» қайырымдылық қорының халыққа аян игі істері, заман сұранысына сай мамандық – блогерлер арасындағы көптеген танымалдылыққа ие жандардың қайырымды істері көңіл қуантады. Халқымыздың болмысындағы жақсылыққа апарар жомарттығы өлмеуі ғой деп қуанарлық себептердің легін көргенде бір жадырап қаласың. Түптің түбінде қайырымдылықтың қайырын білетін халықпыз.

Аймаға БАҚАШОВА,
№49 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



ҰЛТТЫҚ СПОРТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құс пен құсбегінің бабы сыналды

Қиядағыны алыстан шалған құс, оның тілін ұққан құсбегі және құмай тазы мен иесі сыналған бұл дода қалада жыл сайын ұйымдастырылады. Алматы қаласы әкімдігі мен Спорт басқармасының қолдауымен «Қыран» федерациясы ұйымдастырған турнирге республиканың барлық аймағынан құсбегілер қатысып, бабы мен бағы қатар келген құс баптаушылар бақ сынады. 29 қараша мен 1 желтоқсан аралығында 3 күнге созылған турнир 3 кезеңнен тұрды. Бірінші күні іріктеу кезеңі өтті. Ол кезеңде құсбегілер қолға шақыру, еркін ұшырудан сыналса, екінші күні құстарды шырғаға салды. Шырға – түлкінің немесе шибөрінің терісі. Аспен шауып тартады. Құс мұлт кетпей, соған дәл түсуі керек. Одан кейін жартылай финалдан өткен жеңімпаздарды қоянға салып іріктеді. Соңғы күні финалда қашықтан қолға шақыру әдістері арқылы сыналды. Құстың қырағылығына, уақытқа ерекше мән берілді. Иесінің дауысын танып, қолға қонуға тиіс.

Финалда 50-ден астам бүркіт, қаршыға мен ителгі жабайы кептер мен қоянға салынды. Қолға шақыру әдісі арқылы уақытқа есептелді. 8 бүркіт, 5 ителгі, 12 қаршыға финалға өтті. 17 тазыны аңға салды. Жалпы 10 шақты командадағы құсбегілердің арасында ағайындылар, атадан балаға мұрагерлік ұстанған әкелі балалы жандар да бар. Сондай-ақ, құстың тілін ұғып, бабын тапқан құсбегілердің дені халықаралық, республикалық жарыстарда бірнеше мәрте жүлделі болып үлгерген. Алғашқы күнінде шексіз далада еркін ұшып үйренген жыртқыш құстар жатырқады ма, кейбірі иесін таппай, жарыс жолынан шығып қалды.



ҚЫРАН ҚҰС, ҚҰМАЙ

Алатау бөктерінде бүркітті қолға үйретіп, тазыны аңға салған «Қыран» республикалық құсбегілер додасы өтті



«Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап...»

Құсбегілердің ең үлкені 64 жаста, ең жасы небәрі 7 жаста. Жас талғамайтын бекзат өнермен Жетісу өңірінен келген Әзен есімді құсбегі өмір бойы айналасып келеді. «Атамнан бастап, әкем, балаларым мен немерелерім бәріміз бүркітшіміз. Жарыстың ұйымдастырылу жағын айтар болсам, өте жоғары деңгейде өтті. Құсбегілікпен айналысқалы 5 бүркітім болды. Қазір бір бүркітім бар. Аты – Еркесары. Аңшылыққа салатын тағы бүркіт асырау ойда бар. Құсбегілік – қазақтың дәстүрі және төл өнері. Оны жандандыру, насихаттау біз секілді бабы мықты ақсақалдардан басталады ғой. Қазір едәуір жақсы дамып қалды. Бүркіт бір күні бабына келсе, келесі күні келмей қалады. Мінезі құбылмалы, бабы күрделі, өте текті құс. Тектілігі сондай, кейбірі суга шайылмаған етті жемейді. Осы жарысқа қатысар алдында 2-3 рет қансонарға салдым. Сонарға шығып, аңшылықты көрсетпесе, аңды танымай қалады», – дейді құсбегі Әзен Шаймардан.

Таза қанды тазыларды сұрыптап, біраз жылдан бері ұлттық өнер үшін қызмет етіп келе жатқан төрешілер төрелік етті. Құсбегіліктен жаттықтырушы Мұрат Жамбылдың айтуынша, бүркітті еркін ұшыру, қолға шақыру, шырға мен аңға салу ұлт қанында сақталған ұлы өнерді қалалықтар тамашалай алуы үшін қаланың қақ ортасында өтті.

Айта кететін жәйт, сонар жарысы 24 жылдан бері Алматы облысында өткізіліп келеді. Биыл Қонаев қаласында ұйымдастырылды.

Бағдат МҮПТЕКЕҚЫЗЫ,
«Қыран» федерациясының атқарушы директоры:

Құсбегілік – ұлттың төлқұжаты

Құсбегілердің додасына барлық облыстан келді. 55 бүркіт, 15 қаршыға, 8 ителгі қатысты. Ұсақ құстар көбіне оңтүстік өңірден – Түркістан облысы мен Жетісу облысынан келсе, бүркітшілер барлық облыстан келді деп айтуға болады. Астана, Алматы қаласынан да бақ сынағандар көп. Құсбегілердің тазылары да сыналды. Қазақ тазысын көбейтуде жұмыс істеп жатқан «Қансонар» аңшылар қауымдастығына тіркелген, заңды құжаттары бар тазылар ғана қатыстырылды. Ғылыми жасағынан саралап, қазақтың тазысы екендігін дәлелдеу жазы кенже қалған. Сондықтан біз осы жасағына баса назар аудардық. Ұлттық спорттың түріне әлі кірген жоқ. Бірақ біз Алматы қаласы мен облысында соңғы 5 жылда турнирлерге қатыстырып жүрміз. Әкімдік қолдау көрсетіп, тазылар жарысы басқа өңірлерде де дамып келеді деп айтуға болады.

ҚР заңына сәйкес аңшылық маусымы қыркүйек айының ортасында басталып, ақпан айының ортасында аяқталады. Осы екі аралықта осындай жарыстар ұйымдастырылады. Ұлттық құндылықтар ұмытылып барады. Қалада балалардың көбі бүркіт пен қаршығаны ажырата алмайды. Бабадан қалған үлкен мұраны ұмытпас үшін қалада жиі болуы керек.

Арман ӘБДУКӘРІМҰЛЫ,
құсбегі, Алматы қаласы:

Әр құсқа әртүрлі бап керек

Республика деңгейінде осындай шаралар көбірек ұйымдастырылу керек деп ойлаймын. Бір қуантарлығы, соңғы жылдары жиі ұйымдастырылып жүр. Негізі 4 бүркітім бар. Бүгін Нарын, Ұшқын есімді бүркіттерімді бәйгеге салдым. Әр құсқа әртүрлі бап керек. Ұрып, ұрсып баптауға келмейді. Тек сипалап, мақтап қана ыңғайға келтіру керек. Айтқанды сонда тыңдайды. Ата-бабаларымыздан бізге мұра болып қалған тарихи тірі ескерткіштерді әрбір қазақ ұмытпауға тиіс. Қырғызстаннан бірінші орын, Қонаев қаласында үшінші орын алдық. Тек иік етпен қоректенеді. Жарыстың алдында құсты ашықтырмаймын. Тамақ ішетін уақытына қарай аңға саламын.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

ТАЗЫ, САЯТШЫЛЫҚ



Шын жүйріктер топ жарды

Турнирдің үшінші күнінде финал тартысты өтті. Нәтижесінде жүлдегерлерге ақшалай сыйақы берілді. Бүркіт ұшыру аталымы бойынша 1-орынды Диас Кунтуған (Астана қаласы), 2-орынды Қаныш Исабеков (Алматы облысы), 3-орынды Сұлтансері Есентаев (Алматы қаласы) алды. Қаршыға салудан 1-орынды алған Айдар Бекмұхан (Алматы облысы), 2-орын алған Құрмет Айтжанов (Алматы облысы), 3-орын алған Намазбай Мұхамед (Түркістан облысы) озық шықты. Сұңқар салу жарысы бойынша 1-орын Танат Оспанқұловқа (Қарағанды облысы), 2-орын Ерлан Сандыбайға (Түркістан облысы), 3-орын Паң Төленмырзаға (Түркістан облысы) бұйырды. Қазақ тазысын баптауда алматылық Сұлтансері Бекетұлының тазысы бірінші келді. Екінші Нарұл Жұмағұлдың, үшінші Бекетай Бексұлтан-ның тазысы келді.

Сонар-2022 халықаралық ашық турнирінде еліміздің спортшыларынан бөлек, Қырғызстан, Түркия, Моңғолияның құсбегілері бақ сынаған жарыста 3-орын алған ең жас құсбегі Айдар Бекмұхан бұл жарыста да ешкімге есе жібермеді.

«Қаршығамның аты – Үшқыр. 5 жасымнан бастап құс баптаймын. Ұнайды, өте қуаныштымын. Ағаларым да құсбегі. 7-8 жарысқа қатыстым», – дейді 7 жастағы қаршыға ұшыру бойынша 1-орын иегері Айдар Бекмұхан.



Диас КҰНТУҒАН,
бүркіт ұшыру аталымы бойынша 1-орын иегері:

«Аты – Қарашолақ. Қолға шақыруда бірінші болып 22 секундта келді. Күн сайын жарыстың ережелерімен қолға шақырып баптаймыз. Кішкентай кезімнен бері құс баптаймын. Атамнан бері мұра болып келе жатқан киелі өнер. Бірнеше додаларға қатыстым».

КЕРЕК ДЕРЕК

- Құсқа дауыс көтеріп, жекіруге болмайды. Текті құс ашуланса, қайта ырқына көндіру оңайға соқпайды. Құсбегінің қолғабы сиырдың терісінен жасалады.
- Құсбегі құсты бір ғана киіммен үйретеді. Яғни иесін бір типте ғана таниды. Өзгеше киінсе, қолға шақырған кезде танымай қалады.
- Құсбегілердің бәрінде арнайы жем-қалта болады. Құсқа берілетін ет етті әрі сүйекті болуы керек. Құр ет немесе сүйек берсе, аңшылыққа шықпай қалуы мүмкін.
- Жеңіл ұшып, жеңіл қонатын күйге келгенде ғана аңға салады.

Бетті дайындаған Гүлжанат СЕМБАЕВА.





ФАБИДЕН МҰСТАФИН – 120

Аса талғампаз жазушы

«Туған жерде»

Қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған Ғабиден Мұстафиннің туғанына биыл 120 жыл толып отыр. Жазушы 1902 жылы Жауыр таудың етегінде, Нұра өзенінің жағалауындағы Сарытөбе ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Бұл жер – қазіргі Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, дәл осы өңірде жазушының балалық шағы өтті.

Ғабиден Мұстафин еңбекке ерте араласты. Ол ауылда байдың малын да бақты, орыс кулактарына да жалданып жұмыс істеді. Ауыл молдасынан бастауыш білім алған бала Ғабиден 14 жасында Спасск зауытының табельшісінен бір жыл орысша оқып, сондағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің 4-сыныбына түседі. Бұдан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, туған ауылына қайтып оралады. Ауылда әртүрлі қызметтер істейді. Кейіннен жазушы өзінің туған жерге деген ыстық махаббатын «Туған жерде» деген очеркінде тебіреніспен жеткізді. «Адам баласы үшін өзі туып-өскен, құстай еркін самғаған туған даласынан артық ешбір жер жоқ» деп жазды ол.

Шығармашылыққа жол журналистикадан басталды

Ғабиден Мұстафин 1925 жылы білімін жетілдіру мақсатында Қызылордаға барады. Алайда оқуға түсе алмаған соң ол өлкелік сотқа іс қағаздарын тіркеуші қызметіне орналасты. Жазушылыққа деген құмарлығы осы кезден басталады. Жазушылық қабілеті бар жас жігіт Қызылордадан шығатын «Еңбекші қазақ» газетіне ұсақ хабарлар жаза бастайды. Газетке хабарлар жазуына Сәкен Сейфуллин мен Сәбит Мұқанов жол көрсеткен екен. Ғабиден Мұстафиннің «Еңбекші қазақ» газетінің бетінде тұңғыш рет жарық көрген еңбегі – «Таң келеді». Басты кейіпкері – шаруа. Оның ең алғашқы «Сәрсен мен Бокаш» атты әңгімесі 1927 жылы «Жыл құсы» журналында жарияланады. Тұңғыш әңгімелер жинағы 1929 жылы «Ер Шойын» деген атпен басылып шықты. Қаламгердің тырнақалды шығармаларынан кейін-ақ әдебиет майданында оған басқа жазушылар қағажу көрсете бастаған көрінеді. Кейбір шығармаларын газетке баспай, біраз әуреге сала бастайды. Сол кезде жас жазушы 1930 жылы көктемде Қарағандыға ауысып, үш жыл қара жұмыс істейді, слесарь, токарь мамандығын меңгереді.

1933 жылдың басында жергілікті ұйымдар Ғабиден Мұстафинді «Қарағанды пролетариаты» газетіне жауапты хатшы етіп тағайындаған. Бірақ жазушы ол жерде көп жұмыс істемеді. Новосибирь қаласында «Қызыл ту» деген жаңа газет шығатын болып, сол жылдың мамырында өз қалауымен сол жаққа ауысады. 1938 жылдың аяғына дейін сол жерде жұмыс істеген. Осы газетте еңбек еткен кезеңдерінде жазушы өзінің білімін шыңдап, орыс әдебиетімен тереңірек танысады. Қаламгердің Қарағанды жайлы романының идеясы да осы жерде туған екен. Кейбір деректерде жазушының қайтадан шығармашылықпен шұғылдануына Сәбит Мұқанов ықпал еткені айтылады. Ол Сәбит Мұқановтың ұсынысымен Алматыға шақырту алған. Алматыға келе сала, 1938 жылы «Өмір мен өлім» деген атпен Қарағанды тақырыбында роман жазуға кірісті.

«Бұрын жаңа жаза бастағанда үлгіні тек Сәбит, Бейімбеттерден алсам, енді Толстой мен Гюгодан алуға тырыстым. Гюгоның оқиға, сюжет құруына, адамдарының ерлігіне, Толстойдың суреттеуіне қызықтым. Шама келгенше Гюгоға еліктеп бақтым» дейді жазушы романды жазу барысындағы ізденісі жайлы.

«Ғабиден – өте кірпияз, аса талғампаз жазушы. Ол әуел бастан өзінің әдебиеттегі жолын анықтай білді»

М.ӘУЕЗОВ.



ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ:

- *Татуды араз етсе қыбы қанады, өзінен озықты көрсе іші жанады.*
- *Күйгелектің күні қыста да ыстық, жайбасардың күні жазда да салқын.*
- *Болмашыға бет жыртысады, кейін табысады, тағы жыртысады, не қалды беттен?*
- *Екі шақар кездессе, жұдырықтары шекеде ойнайды.*
- *«Жақсы бол» деп әркім айтады, «жаман бол» деп ешкім айтпайды. Жаман сонда да бола береді. Адал дән егумен шығады, арам шөп өзі шығады. Жамандық арам шөп сияқты, жұлмаса өседі, егіннің өнімін кеседі. Сондықтан егін мен арам шөп, жақсылық пен жамандық өмір бойы отаса алмай келеді.*
- *Халық көзі қырағы: ұрлық жасасын – сонда да оны көреді; жердің тыққан асылын, тауып қолға береді; арам кеуде ішінде аузын бұған сан қалта, оны да тауып төгеді. Елді алдаймын дейтіндер, түбінде өзі алданады.*
- *Бойы биік, көлеңкесі шағын, бойы аласа, көлеңкесі көлемді ағаштар бар. Адам да сол сияқты. Бойың биік болғанша, ойың биік болсын, көлеңкең шағын болғанша, бойың шағын болсын.*

Еңбек адамының жанашыр жазушысы

Қазақ прозасының биік тұлғасы Ғабиден Мұстафиннің шығармашылығына арқау болған – өзінің туған жеріндегі қарапайым жұмысшылар өмірі мен еңбегі. Қаламгер шығармаларының салмақтылығы да, құндылығы да сол, ол өзі жазған туындылардағы өмірді терең білді. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ол 1930 жылдары Қарағандыға келіп, шахтада қарапайым жұмысшы болып еңбек етті. Ол шахтада жер қазушыдан бастап, механиктің көмекшісі, одан кейін токарь болып жұмыс істеді. Көмір шахталарында жұмысшылардың қайламен, темір шелектермен қалай жұмыс істейтінін көзімен көрді. Жас маман екі жыл бойы өндірісте тынбай еңбек етті. Оның осы тәжірибесі «Қарағанды» өндірістік романын жазуға септігін тигізді.

Осылайша Ғабиден Мұстафин қазақ әдебиетінде тың дүниемен жарқ етті. Жазушы қазақ даласында шахтерлар қаласының қалай қалыптасқанын деректі түрде баяндап берді. Ауыл адамдарының, Қарағанды кендері мен цехтарында істеген сан ұлт өкілдерінің іс-әрекетін, мінез-құлқын, үміті мен арманын өз көзімен

көріп, танып-білген Ғабиден Мұстафиннің жастың шағы оның шығармашылығына тікелей әсер етті.

Түркісіб, Жезқазған, Қарағанды, Қарсақпай, Лениногорск, Алтай кәсіпорындарының құрылуына, елімізде өнеркәсіптік өндірістердің белсенді дамуына, Қазақстанға көмір өнеркәсібінің қуатты индустриялық орталығын қалпына келтіру мен дамытуға кешегі көшпенділер мен батрактардан жаңа кадрлар даярлауда бауырластық көмек көрсету үшін келген орыс жұмысшылары ерекше рөл атқарды. Ғабиден Мұстафин адам еңбегінің ғажайып, жұмысшы табының қалыптасуы мен өсуін, қазақ даласындағы колхоз құрылысын дәріптеді.

Жаңа дәуірді дәріптеген трилогия

«Өмір мен өлім» – Ғабиден Мұстафиннің Қарағанды көмір бассейніне, оның шахтерлеріне, қазақ жұмысшы табының қалыптасуына арналған алғашқы романы. Бұл – өнеркәсіптік тақырыпқа арналған үлкен жанрдағы алғашқы туындылардың бірі, «Қарағанды» ірі романының алғашқы нұсқасы. Онда Қарағандыда көмір өнеркәсібін дамытудың бастапқы кезеңі,

шахталар құрылысы сипатталған. Жазушы революцияға дейін ағылшын капиталистеріне тиесілі өнеркәсіптік Қарағандыдағы өзгерістерді көрсетеді. Жұмысшылар мен инженерлердің тәжірибесі, бір-бірінен еңбек дағдыларын үйренген әртүрлі ұлттардың жұмысшылары арасындағы тығыз достық, Донбасс пен Кузбастан келген жұмысшылардың бауырластық көмегі арқылы жасалған барлық қиындықтар мен өндіріс процесі романда шынайы суреттеледі. Романның бөлімдері «Әдебиет және өнер» журналында жарияланды. Сол кезде прозаик-романист Мұхтар Әуезов авторға өзі қоңырау шалып, романға мұқият талдау жасап, оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне назар аударған. Он екі жылдан кейін Ғабиден Мұстафин оны қайта өңдеп, шығармаға «Қарағанды» деген жаңа атау берді, осылайша қазақ әдебиетіндегі алғашқы индустриялық роман пайда болды.

Мұхтар Әуезов Мұстафин жайлы естелігінде «өзің тандап алған материалды сүю ғана емес, барлық шетін, нәзік жайларына шейін түгелімен қиялдап та іштен кешіру шарт... тірлікке терең шомып, ой ұрығын терең көміп іздену қажет. Сонда ғана шығарма шынарын, еңбек еменін өсірсе болады» деп жазды.

Жазушының кеңінен танымал тағы бір қомақты туындысы «Шығанақ» романы (1945) болды. Романның кейіпкері кезінде тары өсіруден бірнеше рет дүниежүзілік рекорд жасаған дикан ата Шығанақ Берсиев өміріне негізделген. Қаламгер бұл туындысында тарихи адамның бастан кешкендерін нанымды ашып, елеулі тұлға етіп шығарған. Шығанақ – қазақ әдебиетінде неғұрлым сенімді, толыққанды жасалған замандас бейнесінің бірі.

Ғабиден Мұстафиннің шығармашылық тәжірибесіндегі биік туынды – оның «Дауылдан кейін» романы (1959). Қазақстанда елді кеңестендіру кезеңі бұл шығармада көркем әдіптелген. Бір кезде Б.Майлин, С.Мұқанов шығармаларында көтерілген тақырыпқа сол кезеңді көзімен көрген, көптеген ой түйген, дәуірдің шытырман шындығын саралап білуге мүмкіндігі болған, суреткерлігі кемелденген Ғабиден Мұстафиннің қалам тартуы игі нәтижеге жеткізді.

Ғабиден Мұстафиннің өмір жолы қызықты әрі мазмұнды болды. Жазушының өмір жолында қуаныш та, қиындықтар да аз болған жоқ. Ол туған халқының ыстық ықыласына ие бола білген жазушы. Ғ.Мұстафин – халық жазушысы, бұрынғы КСРО-ның Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, республика Ғылым академиясының мүше-корреспонденті, жазушылардың халықаралық және одақтық форумдарының қатысушысы. Оның есімі халықтың мәңгі есінде.

Бүгінде Қарағанды қаласындағы №83 орта мектеп пен Бұқар жырау ауданындағы «Березняки» ауылына Ғ. Мұстафин есімі берілген. 2002 жылы Ғ.Мұстафиннің туғанына 100 жыл толуына орай Қарағанды облысында торқалы той өткен болатын. Сол кезде Қарағандыдағы көп көшелердің ішіндегі ірісіне Ғабиден Мұстафин есімі берілді және осы жерден басталатын көше төріне классик жазушының мүсіні орнатылды.

Табиғатынан дарынды, қаламгерлігі мен даналығы дара ғұлама жазушы Ғабиден Мұстафин – ұлтымыздың мақтанышы.

Әзірлеген
Айнұр СЕНБАЕВА.



БРИФИНГ



АУРУДЫ ЕРТЕ АНЫҚТАУҒА МҮМКІНДІК БЕРЕДІ

Алматы дәрігерлері 70 жасқа
дейінгі барлық қала
тұрғындарын скринингтік
тексеруден өтуге шақырады.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында өткен брифингте Алматы қаласындағы №21 қалалық емхананың профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету бөлімінің меңгерушісі Қонай Бесбаевтың айтуынша, бұл скринингтік тексеру – көптеген ауруларды ертерек анықтайды. Бұл дер кезінде емдеуді тағайындауға және өмірді сақтауға мүмкіндік береді.

Скрининг нақты аурулар бойынша және екі жас санаты бойынша жүргізіледі. Балалар 0-ден 18 жасқа дейін, ал ересектер 30-дан 70 жасқа дейін скринингтен өтеді.

«Балалар көмекке толғанға дейін жыл сайын профилактикалық тексеруден өтеді. Мектепке дейінгі мекемелердің тәрбиеленушілері, мектеп оқушылары, орта арнаулы оқу орындарының студенттері және 18 жасқа толмаған студенттер білім беру ұйымдарында жылжымалы топ барған кезде тексеріледі. Мектепке дейінгі мекемелерге бармайтын балаларды тексеру емханада немесе отбасылық денсаулық орталығында жүргізіледі», – деді спикер.

Дәрігер ешқандай белгілер абсолютті болмаған жағдайда да тексеру жүргізілетінін айтты. Бұл адамның денсаулығына қатысты сенімді болу үшін жасалады. Ол сондай-ақ, скрининг процедурасы туралы егжей-тегжейлі түсіндірді.

«Скринингтен өту үшін тұрғылықты жері немесе тіркелген жері бойынша емханаға хабарласу қажет. Ол үшін әрбір алғашқы медициналық-санитарлық көмек қызметінде скринингтік кабинеттер бар. Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы керек. Науқас мінез-құлық факторларын, гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін және глаукоманы ерте анықтау үшін скринингтік кабинетте тексерілгеннен кейін онкопатологияға тексеріледі, егер ол жасына байланысты скринингтің осы түріне жататын болса, жасалады», – деп жалғастырды Қ.Бесбаев.

Сонымен қатар, скринингтік зерттеудің соңында дәрігер мамандардың қорытындысын және зертханалық диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, динамикалық бақылау топтарын анықтайды.

Брифинг соңында спикер аудандық бөлімдер мен дәрігерлер барлық профилактикалық тексерулерді бір жылға жоспарлап отырғанын жеткізді.

«Мәселен, қазір қараша-желтоқсан айы келіп қалды және біз қазірдің өзінде 2023 жылы профилактикалық тексеруден өтуі тиіс адамдарды жоспарлап жатырмыз. Тиісінше, біз осы адамдардың барлығын хабардар етеміз, яғни біз қоңырау шалып, SMS жібереміз. Егер сізге ешкім қоңырау шалып, хабардар етпесе, сіз жай ғана тіркелген емханаға барып, сол жерде тексере аласыз», – деп түйіндеді спикер.

Айта кетейік, көрсетілім қызметтер толықтай тегін. Профилактикалық тексерулерді қаржыландыру МӘМС есебінен жүзеге асырылады, сондықтан скринингтен өту үшін сақтандыру мәртебесі болуы қажет.

МСАК

ТӨРТ ҚАРАПАЙЫМ СҰРАҚ

миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуы мүмкін

Бұл қандай сұрақтар? Оған жауапты Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жаңа оқу нұсқаулығы жауап тауып береді. Енді осы жөнінде тарқатайық.

Бүгінгі күні еліміздің мамандары ғана ғана емес, бүкіл әлем дәрігерлері медициналық-санитарлық алғашқы көмек (МСАК) тақырыбын күн тәртібіне шығарып отыр. Себебі, кез келген медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін қызметкер де пациенттерге жұқпалы емес аурулардың даму қаупін азайтуға көмектесе алады.

Иә, медициналық-санитарлық алғашқы көмек сұрап баратындардың көпшілігі дәл сол сәттегі денсаулығы жайлы ойлап барады. Бірақ онкологиялық аурулардың, қант диабетінің, жүрек-қан тамырлары ауруларының және басқа да жұқпалы емес аурулардың (ЖЕА) қаупін арттыратын факторлары жайлы мүлдем білмейді десек те болады. Жыл сайын ЖЕА-ның кесірінен 8 миллион адам қайтыс болады екен. Бұл – ДДСҰ-ның Еуропалық аймағындағы барлық өлімнің 90%-ы. Дегенмен, кейбір зерттеулерге сәйкес, науқастардың 95%-ы МСАК мекемелеріне барғанда ЖЕА-ның қаупі жайлы кеңес алмайтынын көрсеткен.

Таяуда ДДСҰ-ның екі бөлімі бірлесіп, осы жағдайды өзгертуге бағытталған жаңа BRIEF оқу нұсқаулығын шығарды.

BRIEF нұсқаулығы ұсынатын құралдардың бірі – медициналық қызметкерге науқаспен бірге ЖЕА-ның қаупін анықтауға және зиянды факторлардың әсерін азайту мақсатында жоспар құруға көмектесетін сауалнама болып табылады. Ал сауалнама мына сұрақтарды қамтыған:

- Сіз оянғаннан кейін бірінші темекіні қашан тартасыз?
- Аптасына қанша рет тәтті тағамдарды жейсіз немесе тәтті сусындарды ішесіз?
- Құрамында алкоголь бар сусындарды қаншалықты жиі ішесіз?
- Сіз әдетте күнінізді қанша уақыт отырып немесе шынтақтап жатып өткізесіз?

Сарапшы-мамандардың бұл сауалдарды алға тартып отырған себебі – науқастар қатерлі ісік пен жүрек-тамыр ауруларының даму қаупі туралы ақпараттан мүлдем хабарсыз.

КЕРЕК КЕҢЕС



КАКТУС

Сырттай сүйкімсіз көрінгенімен, бұл гүлдің өзіндік қасиеттері бар көрінеді.

Ағзамызға тарайтын зиянды сәулелерден қорғану үшін компьютер жанына қоятынымыз сондықтан болар. Оның құрамында судың мөлшері көп. Сондықтан компьютерден бөлінетін ультракүлгін сәулелерді бойына тез сіңіріп алады.

Ғалымдар кактуста аз мөлшерде спирт бар екенін де анықтаған. Егер оның қасында тұрып, жағымсыз сөз айтсаңыз, спирт ауаға бөлініп, айналадағыларға кері әсер ететін көрінеді.



«Темекі шегу, алкоголь ішу, физикалық белсенділіктің болмауы және дұрыс тамақтанбау – біздің аймақтағы адамдардың денсаулығына ең зиянды әсер ететін факторлар. Біз олармен күресу үшін барлық мүмкіндікті пайдалануымыз қажет, – дейді доктор ЖЕА-ның Еуропалық бюросы басшысының міндетін атқарушысы Kremlin Wickramasinghe. – Дегенмен, ДДСҰ-ның Еуропалық аймағындағы көптеген денсаулық сақтау жүйелері бұл қауіптерді адамдарға жеткізуге, олардың санын анықтауға және оларды азайту іс-шараларын ұсынуға тырысуда. Жаңа BRIEF оқу құралы бізге мұны өзгертуге мүмкіндік береді және кез келген адамның денсаулық сақтау жүйесімен байланысы кезінде жұқпалы емес ауруларды тудыратын факторлармен күресуге көмектеседі».

Ал оның әріптесі, доктор ДДСҰ-ның Еуропалық МСАК орталығының басшысы Melitta Jakob: «Бұл қызметтердің көлемін айтарлықтай ұлғайту үшін МСАК-та жиі кездесетін мәселелерді шешу, атап айтқанда, отбасылық дәрігерлер мен мейірбикелердің құзыреттілік аясын кеңейту, МСАК қызметкерлерінің жүктемесін азайту арқасында консультацияларға уақытты көбірек бөлу, МСАК топтарына мінез-құлықты өзгерту бойынша мамандарды қосып, осындай консультацияларды қажет ететін адамдарды анықтау және МСАК бағыттары арасындағы байланысты нығайтып, халықты ақпараттандыру жұмыстарын өткізу. Біз осындай өте маңызды және пайдалы оқу нұсқаулығын басып шығаруға өз үлесімізді қосып отырғанымызға қуаныштымыз. Енді біз бір уақытта «не істеу керек» және «нақты қалай әрекет ету керек» деген сұрақтарға жауап бере алатын боламыз», – дейді.


ЖЕА Кеңесімен бірге ұсынылып отырған осы BRIEF оқу құралы, дәлірек айтсақ, «BRIEF: МСАК деңгейінде жұқпалы емес аурулардың қауіп факторларын алдын алу үшін біріктірілген қысқаша шаралар» деген атпен жарық көрген басылым жақында Алматы төрінде таныстырылды. Ол медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсететін әрбір қызметкерге таптырмас құрал болады деп отыр мамандар. Сондай-ақ, бұл денсаулық сақтау мамандары мен шешім қабылдаушыларға арналған инновациялық құрал. Басылым кез келген МСАК қызметкерінің ЖЕА-ның қаупін азайтуға және ДДСҰ Еуропалық аймағындағы миллиондаған адамның өмірін сақтап қалуға көмектесетін қысқаша профилактикалық іс-шараларды (кеңес беру) қалай ұсына алатынын егжей-тегжейлі түсіндіреді. Сондай-ақ, басылымда ЖЕА-мен күресуде қысқаша профилактикалық іс-шаралардың тиімді болуы үшін кең ұйымдық және жүйелік қолдаудың маңыздылығы айтылған.

Сонымен қатар, BRIEF нұсқаулығында адамды ажалға жеткізетін дене салмағы индексінің жоғарылауы (ДСИ); темекі шегу; алкогольді тұтыну; дұрыс тамақтанбау; физикалық белсенділіктің аз болуы сынды бес зиянды факторларға бас назар аударылған.

BRIEF нұсқаулығы денсаулық сақтау жүйесіне денсаулық туралы деректердің қайнар көзі болып қана қоймай, ДДСҰ Еуропалық аймағындағы адамдардың денсаулығы мен әл-ауқатын жақсартатын кеңестерімен бөлісетін құнды басылым болмақ.

АДЫРАСПАН

Атақты ғалым, дәрігер
Әбу Әли ибн
Сина оны
сегізкөз
қабынған кезде
шаншуды
басатын дәрі
ретінде
қолданыпты.




Ал халық емшілері ревматизм, қышыма және басқа да тері ауруларын емдеуге пайдаланған. Оның шөбінен қайнатып жасалған тұнба суық тигенде, безгек ауруларына, нерв жүйесінің әлсіреуіне және ұстама ауруларына ем болады екен. Жұқпалы сырқаты бар адам жатқан бөлмені залалсыздандыруға да пайдалануға болады.

Жүрек қағысын тұрақтандыратын, құрамындағы гармалиннің гидрохлориді туберкулез қоздырғыштарына қарсы тиімді күресетін де қасиеті бар. Құрамындағы пеганин демікпені емдеуде оң әсерін береді.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН



Адамға балалық шақтан асқан бақыт жоқ. Өмірдің әр сәті қуанышқа айналып тұрады. Әсіресе, мезгіл ауысқанда ерекше қуанасың. Көңілің жадырап шат-шадыман боласыз. Әсіресе, күз кетіп, қыс келгендегі сәт бөлек. Алғашқы қар шамамен қарашаның аяғы мен желтоқсанда жауады. Бірінші түскен ақ ұлпа өте нәзік

келеді. Ұзақ уақыт жер бетінде жата қоймайды. Бірден үйіп-төгіп те түспейді. Ал одан кейінгі ызғарды айтсаңызшы, денеңнен өтіп кетердей болады. Алғашқы күндері ауа райының ауысқанына денеміз үйреніспейді. Бір тоңып, бір ысып жүреміз. Осылайша бірнеше айға созылатын қытымыр қысқа кіреміз.

Естен кетпес күндер

Әрбір көзіқарақты адам өзінің есте қалған сәтін жиі айтады. Кейде соны аңсайды. Сондай болса екен деп тілеп те қояды. Алайда, өткен күн тарих, оған бұрылу мүмкін емес. Адам тек алға жүруге жаралған. Өткенді тек еске алып қана жүреміз.

Біз «Мешейіл» дейтін қыстақта тұрдық. Бар-жоғы екі қоржын там. Төбесінде шатыры балшық пен қамыс, бел ағаштардан жасалған. Белағаш болып тұрған ол – тораңғыл. Есіктің алды тақыр, артында биік құм, үйдің тұрған жерінің үштен бір бөлігі ағаштар еді. Қыста жиде, тораңғыл, ешкі тал, жыңғыл, пәйегі қурап үлгермеген мия мен жантақтың басында қатып ақ қар жататын. Аңызға даладан соққан жел құмды қатырып, үнемі үілдеп тұратын. Үскірік аяз бетті қармап, екі ұртты қып-қызыл ететін.

Әлі есімде, таңда сиырды сауып, бұзауын емізіп болып, тоғайға айдайтынбыз. Үлкендер атпен қансонарға кететін. Ол кезде қансонардың не екенін кім білсін?! Бірақ қырғауыл, қоян атып әкелетін. Қашан қарасаң да үйдегі бітелі мылтықты оқтап, оқ дәрісін туралап әке-ағаларымыз жүретін. Мақталы шалбар, тон киіп алатын. Сонда маған қазақ ертегілеріндегі батырлардай көрінетін. Ал қазір солардың бәрі бір-бір отбасының ақсақалына айналып келеді.

Біздің үйдің иттері адамның нағыз досы ғой. Үлкендер атқа мініп, үстіне тон киіп, мылтығын алып, аңға шығады. Сонда екі ит солардың соңынан қалмайды. Қырғауыл ата қалса, ол қалың бұтаның арасына барып құлайды. Оны аңшы оңайлықпен тауып ала алмайды. Соны иттеріміз әкеліп беретін. Өздері жеп қойса да болады ғой, дегенмен олай етпейтін. Кейде малшы ауылға бөтен біреу келсе, алыстан сезетін. Сөйтіп, абалап үріп, бейтанысты жолатпайтын. Ол да жаяу келмейді, атпен немесе көлікпен келеді. Өйтеуір бөтен кісіні үй-жайға жолатпайтын. Қашан үй егесі шыққанша үріп тұрады. Шіркін-ай десеңізші, сол кездердің естелігі көңілде сайрап жатыр. Арасында бір толқып, бір шалқып аламыз. Осының бәрі дәл күні кеше болғандай...

Тағы бір естелік бар. Күнде немесе күнара Сырдарияға арнайы барамыз. Қолда дәу темір қара балта. Әкемнің соңынан ілесіп жүреміз де қоямыз. Ол болса, мұзды жарып, суат ояды. Тоғайдағы сиырлар, жылқылар келіп содан су ішетін. Оларды айдап әкеліп үйретсіз, содан соң өздерінің үйреншікті баратын жеріне айналады. Дарияның беті қатқыл мұзға айналатын. Күн жылы қалса, еріп, қар қалың жауса, арғы бетке трактормен де өтіп жүруші еді. Ол жақта адам тұрмайды. Ну тоғай, қураған сары қамыс болатын. Ол жақтың отыны мол, аң-құсы қонды еді. Кейде арғы беттен отынды жүк көлігіне тиіп алып қайтатын. Туыстарымыздың баласы келсе, қар атысып, мазмәйрам болып, аққала жасап ойнайтынбыз. Баяғыда әрбір күніміз қызыққа толы болатын. Бүгінде соның барлығы естен кетпес естелікке айналды.

Ақ ұлпаның пайдасы неде?

Қар туралы көп айтуға болады. Мұның пайдасы, қыр-сыры жайында танды-таңға ұрып айта беруге болады. Биыл Алматыға қыс кештеу келетін түрі бар. Негізі, бұған дейін де қар түскен. Десе де, жылдағыдан өзгек болып тұр...

Біздіңше, қардың пайдасы көп. Ең бірінші тынысыңыз ашылады. Қанша уақыт бойы жылы ауада жүрген едіңіз, енді суыққа ауыса бастайсыз. Әсіресе, мұндайда бір-ауық таңғы жаттығумен айналысқан пайдалы. Сыртқа шығып жүгірген жақсы. Тым құрығанда 30–40 минут дене қозғалысын жасаған абзал. Жүгіріп, секіріп, созылып, буын-буынды қимылдатып жүргенге ештеңе жетпейді. Осыны күнделікті дағдыға айналдырғанда, нағыз спортшы атанбасаңыз да, өне бойыңызда қан айналып, ішкі ағза

құрылыстары қалыпты істей жөнеледі. Ауру-сырқау өздігінен кетеді. Бойында қан жүріп, салауатты өмір сүретін жандарға дүние тіпті шуақты әрі мәнді көрінеді.

Ақшақар көңіл сергітеді

Абай атамның әдемі өлеңі ойға оралып тұр.
Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,
Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.
Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,
Басқан жері сықырлап, келіп қалды...

Метеорология ілімінде қарға біршама түсінік береді. Атмосферадан түсетін әртүрлі пішінді ұлпа мұз кристалдары түріндегі жауын-шашын. Су буының сублимациясы нәтижесінде өте шағын (0,1–0,2 мм) кристалдар үлкейіп қар жұлдызшаларына айналады. Атмосферадағы турбуленттік қозғалыстың салдарынан ауадағы қардың жеке жұлдызшалары бір-бірімен ұйыса бірігеді, яғни жерге жапалақ қар (диам. 8–10 мм) жауады. Ауа температурасы 0°C-тан төмендегенде бұлттардан жауады. Қоңыржай ендіктерден бастап солтүстіктің және оңтүстіктің жоғары ендіктеріне қарай жайласқан аймақтарда қардың көп түсуінен Жердің қар жамылғысы пайда болады.

Біздің қазақ жерінің атмосфералық жағдайы әртүрлі. Бір-біріне аса қатты ұқсамайды дей аламыз. Солтүстікте 6–7 м шама-сында қар жамылғысы жатады. Ал соған керісінше жағдай оңтүстік аймақта байқалады. Мұнда қар жатуы 2–3 айдан аспайды. Тіпті, бұдан біршама аз болуы да ықтимал. Кең байтақ даламыз осындай ғажайыптарымен ерекшеленеді.

Әзірлеген
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.

ТҮЙІН:

Бабаларымыз «Қыста қар қалың түссе, жазда егін мол болады» дейтін. Мұның растығын бүгінгі ғылым да дәлелдеп жатыр. Иә, солай... ақ ұлпаның пайдасы зор, адамға берер әсері де мол.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

АСЫЛДЫҢ СЫНЫҒЫ

Әріптесіміз, «Alataý Aqparat»
ұжымының қызметкері,
журналист Жәнібек Сүлеев
мерейлі 60 жасқа толды



«Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерін біріктірген «Alataý Aqparat» медиахолдингінің ұжымы Жәнібек Азатұлын жаңа жасымен құттықтап, иығына шапан жапты. Сондай-ақ, жампоз журналисті мерейлі жасымен құттықтауға қос газеттің Шығармашылық кеңесінің мүшелері – мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Әуезов, Қазақстан Журналистика академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев және Қазақстан Журналистер одағының басқарма төрағасы Сейітқазы Матаев пен Қазақстан Журналистика академиясының вице-президенті, «Невада–Семей» қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов арнайы келді.

Мерейтой иесінің көп жылғы еңбегіне орай ҚЖО басқарма төрағасы С.Матаев Қазақстан Журналистер одағының ең жоғары марапаты «Қазақстанның Құрметті журналисі» атағының белгісін кеудесіне тақты.

Жәнібек Сүлеев – КСРО Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Журналистика академиясының академигі. Ол текті тұлғалардың жалғасы, асылдың сынығы, оның атасы Біләл Сүлеев – қоғам қайраткері, ағартушы, «Алаш» партиясының мүшесі, журналист және драматург, ал әкесі Азат Сүлеев атақты түркітанушы, аудармашы, әдебиеттанушы болған.

Ж.Сүлеев өзінің журналистік жолын Отан алдындағы борышын абыроймен өтеп келген соң бастаған. Ол еңбек жолында «Дәуір–Время», «Бірлік», «Навигатор» сынды біршама басылымдарда жұмыс істеді. Бүгінде «Alataý Aqparat» ұжымының қатарында еңбек етіп келеді.

Әріптесіміз Жәнібек Азатұлын мерейлі 60 жасқа толуымен шын жүректен құттықтай отырып, алдағы уақытта да шығармашылық биіктерден көріне беруін және зор денсаулық, бақ-береке, отбасылық бақыт тілейміз!

«Alataý Aqparat» медиахолдингінің ұжымы.



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!
Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Өркендеудің жаңа жолына бет алдық

Тәуелсіздік деген сөзді естігенде, еркіндік, тәуелсіз деген түсінік ойымызға келеді. Еліміз Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін осыдан 31 жыл бұрын 1991 жылы 16 желтоқсанда алған болатын.

Тәуелсіздігімізді алған уақытта тек Қазақ елі ғана емес, сонымен қатар ең бірінші болып Түркия мемлекеті мойындап, еліміздің республика болуын қалаған. «Бүгінгі біздің тәуелсіздігіміздің қайнар көзі – қазақ халқының сан ғасырлар бойғы күресінде, азаттыққа ұмтылған қайсарлығында жатыр» деп Елбасымыз айтқандай, сол уақытта ата-бабамыз атқа қонып елімізді, жерімізді қорғамаса, азаттығымыз үшін күреспесе, бұл тәуелсіздікке қол жеткізе алар ма едік?

Сондықтан да бейбіт, тәуелсіз ел болуымызға ата-бабамыздың күшімен жеткенімізді ешқашан ұмытпауымыз керек. Бүгінде біз қандаймыз, ата-баба арман еткен тәуелсіздікке қол жеткізген, алыс, жақын шет елдерде абыройы асқақ, дамушы елдердің алдыңғы қатарында келе жатқан, 31 жасқа енді толып, оны мен солын ажыратар елге айналдық.

1991 жылы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық Президент сайлауы өтті. Жалғыз кандидат Нұрсұлтан Назарбаев 98,78 пайыз дауысқа ие болды. Тура алты күннен кейін 16 желтоқсанда елдің мемлекеттік Тәуелсіздігі жарияланды. Араға бес ай салып, 1992 жылы 7 мамырда Қазақстанның Қарулы күштері құрылды. Тәуелсіздігін алған еліміз мемлекеттік Әнұранын, Туын, Елтаңбасын, өзіндік тілін қалыптастыра бастады.

Нақтырақ айтатын болсам, 1992 жылдың 4 маусымында тәуелсіздіктің басты атрибуттары – Ту мен Елтаңба бекітілді. Осы жылы 10 желтоқсанда Әнұран мәтіні бекітілді. Әр жыл сайын дамып жатқан Қазақстан Республикасы әлі күнге дейін даму үстінде. Әрине, әр жеткен жеңісі мен дамып жатқан салаларын айтатын болсақ, біраз ақ парақтар беті толатыны анық. Қазақ тілі – ұлттық тіл болып, ұлттық валютасы – теңге болып бекітілді. Сонымен бірге, әр салада өзіндік ерекшеліктерімен жылдан-жылға дамып жатыр. Біздің ел тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап дүниежүзілік қоғамдастықтың белсенді мүшесі екенін жан-жақты дәлелдеді.

Абайдың 150 жылдығын «ЮНЕСКО» шеңберінде тойлады. «Біріккен Ұлттар Ұйымы» шеңберінде 2002 жылы Алматыда, яғни тұңғыш рет Азия құрлығында 24 мемлекет басшысын біріктіріп, кеңес өткізді. «Шанхай ынтымақтастық ұйымын» құрудың негізгі ұйытқысы, алғашқы ұсыныс жасаумен танылды. Одан әрі 2003 жылы Астанада тұңғыш рет әлемдік діндер жетекшілерінің съезін өткізумен тарихта аты жазылды. Алдымызда, 100-ге жуық елдің басын қосатын халықаралық көрме «ЭКСПО-2017». Осының бәрін бағалауымыз керек.

Қазір біз өркендеудің жаңа жолына, әлеуметтік дамудың жаңа кезеңіне бет алдық. Елбасы бекіткен жаңа экономикалық бағамда жаңа бағдарламалар, оның бағыттары және нәтижеге жету жолдары көрсетілген.

Айна ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ
Алматы қаласы бойынша қазынашылық
департаментінің бас маманы.

САТАМЫН

Еш жерде жарияланбаған повесть, киносценария, әңгімелерім қолжазба күйі тұр, соларды сатамын. Алам деушілер болса, хабарлассын. Абай Жүрсінбайұлы, 8 705 526 74 54.

ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялары институты Бас директорының кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Максат Нур-адиевич Калимолдаевқа анасы

Бисара ТҰРСЫНБЕКҚЫЗЫНЫҢ кенеттен қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің ақпараттық технологиялар факультетінің ұжымы көңіл айтады.

ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырман!

2023 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2023 жылға бір жылға жазылу керек. 2022 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектерді көшірмесін конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. Редакцияның мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонын көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС.

2023 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектігі бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Байқауға бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтарды табыстау 2023 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2023 жылдың 2 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары:

8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ЖАСТАР ФОРУМЫ

Қоғамды қатыгездіктен қорғайық!



Суретті түсірген Самат Құсайынов.



Рая ЕСКЕНДІР

Еліміз тәуелсіздігі қарсаңында Әділетті Қазақстанның жаңашыл жастары бас қосып, болмысы бөлек жиын өткізді.

Алматы Менеджмент Университеті AlmaU ESG мен Тұрақты даму орталығының ұйымдастыруымен «ESG және БҰҰ ТДМ-дағы инновациялық шешімдер мен көшбасшылық» атты алғашқы жастар форумы өтті. Бұл форумның мақсаты айқын. Ол қоғамды, жалпы адамзатты адамгершілікке, ізгілікке шақыру.

Форумға белгілі қоғам қайраткерлері, ғылым саласының өкілдері, Халықаралық ұйымдардың, ҰЕҰ-ның және корпоративтік сектордың өкілдері, белсенділер, Алматы қаласындағы 10 жоғары оқу орнының студенттері қатысты.

Алғашқы сөз кезегін алған оқу ордасының ғылым жөніндегі ректоры Бақытжан Саркеев:

– Біз биылғы жылы оқу ордасының біраз ғылыми басымдығын анықтаған едік. Осы ретте оқу ордасында Тұрақты даму орталығын құрдық. Орталықты құра отырып, ең негізгісі – жастармен жұмыс жүргізу деп ұйғардық. Тұрақты даму орталығынан соң арнайы студенттер клубын аштық. Қазір клубтың 30-ға жуық мүшесі бар. Олар қазір тұрақты дамуға қатысты өзекті мәселелермен айналысып жатыр. Сонымен қатар, басқа да оқу орындарымен ықпалдастық байланыс орнатып, жүзеге асып жатқан жобаларды өзге

оқу орындарына танытпақшымыз. Мәселен, осындай жобалар қатарында Алматының ауасына қатысты Американың Перселван штатымен бірлескен және Ауғанстанның қыз-келіншектерін оқыту деген сияқты жобалар бар. Біз тек өз жобаларымызды насихаттамай, басқа оқу ордасының бастамаларына да қолдау көрсетуге дайынбыз. Ең бастысы, жастарға рух беріп, қолдау көрсету, – деді өз сөзінде.

Сонымен қатар, оқу ордасының белсенді студенттері Малика Махматқұлова мен Умид Абуллаевтың ой-пікірін де көпшілік қызу қолдады.

БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуге белсенді жастарды тартып, ХХІ ғасырдағы жаһандық проблемаларды есепке алса, қоғам үшін маңызды. Қазіргі алмағайып кезеңде әлеуметтік жауапкершілігі мол ESG көшбасшыларын даярлауға демократиялық Қазақстан баса назар аударып отыр.

Форум барысында алматылық белсенді жастар БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының тұжырымдамасымен танысты. Сонымен қатар, тәжірибе алмасатын, жоба қорытындыларын, ғылыми жаңалықтар мен зерттеулерді бөлісетін және жаңа идеяларды бірлесіп пысықтайтын алаң құрды. Жастар әлеуметтік және экологиялық проблемаларды шешу жолдарымен танысып, тәжірибе алмасты.

Осылайша форум пікір және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін бірегей алаңға айналды. Іске сәт!

Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бас директорының шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.



Футболдан әлем чемпионаты – 2022

ПЛЕЙ-ОФФ

1/8 финал

3 желтоқсан 21:00	Нидерланд – АҚШ	ЕСЕП
4 желтоқсан 01:00	Аргентина – Австралия	ЕСЕП
5 желтоқсан 21:00	Жапония – Хорватия	ЕСЕП
6 желтоқсан 01:00	G1 – H2	ЕСЕП
4 желтоқсан 21:00	Англия – Сенегал	ЕСЕП
5 желтоқсан 01:00	Франция – Польша	ЕСЕП
6 желтоқсан 21:00	Марокко – Испания	ЕСЕП
7 желтоқсан 01:00	H1 – G2	ЕСЕП

1/4 финал

9 желтоқсан 21:00	A05 – A06	ЕСЕП
10 желтоқсан 01:00	A01 – A02	ЕСЕП
10 желтоқсан 21:00	A07 – A08	ЕСЕП
11 желтоқсан 01:00	A04 – A03	ЕСЕП
15 желтоқсан 01:00	QF1 – QF2	ЕСЕП
16 желтоқсан 01:00	QF3 – QF4	ЕСЕП

Жартылай финал

Финал

18 желтоқсан 21:00	W(SF1) – W(SF2)	ЕСЕП
17 желтоқсан 21:00	L(SF1) – L(SW2)	ЕСЕП

3-орын үшін ойын

КАТАР–2022: ФАВОРИТТЕРДІ НЕ ҚАРА БАСТЫ?

Әлем чемпионатында «Ұшты-ұшты» ойыны басталды. Доданы ерте аяқтаған командалар мен плей-офф кезеңіне жолдама алған мықтылар белгілі. Енді мундиальдің нағыз қызған шағы. Қателікке жол жоқ. Әр команда бас жүлде жолындағы жорығын әрі қарай жалғастыру үшін бәрін жасайды.

Ұшты-ұшты – кім ұшты? Бала кезінде еске түсіретін керемет ойын. Қазір ғой, смартфоннан шықпайды. Біздің шақта балдырған достарымыз жиналып, шеңбер құрып отыра қалатынбыз. Сосын жүргізуші «Ұшты-ұшты – үкі ұшты» дейді, бәріміз атылып орнымыздан тұрамыз. «Ұшты-ұшты – түлкі ұшты» дейді, тырп етпейміз. Рефлекспен байқаусызда тұрып қалғандар ойыннан шығады. Ең соңында қалғанымыз – жеңімпаз-быз.

Катардағы Әлем чемпионатын айтамын да... Үкі, түлкі, ұшақ, құшақ деген сөздердің орнын Германия, Аустралия, Бельгия, Марокко деген құрамалармен ауыстырсаң, ешбірі «Ұшты-ұшты – Германия ұшты» дегенге реакция білдіре қоймайтын шығар. Бельгияны да басты фаворит болмағанымен финалға жетуге қабілетті командалардың қатарына қосқан. Ал Мароккодан кім ерлік күтті? Аустралия ше? Испания мен Германия сынды алпауыт командалар жиналған топтан бірінші орынды Жапония алады деп ойлаған

біреу бар ма? Әй, қайдам... Бәрін топ-тобымен тізбектеп көрсек.

«А» ТОБЫ:

Нидерланд, Сенегал, Эквадор мен Катар жиналған квартетте мамандардың басым бөлігі әуелден-ақ алғашқы екеуін фаворит санаған. Луи Ван Гал бастаған Нидерланд та, Сенегал да өз топтарынан іркілмей шықты. Садио Манесіз ойнап жатқан «африкалық арыстандар» топта тек еуропалық ұжымнан жеңілді. Дегенмен, 1/8-финалда оларды тағы бір сынақ күтіп тұр. «В» тобының жеңімпазы Англиямен айқасады.

«В» ТОБЫ

Бұл топта да жанкүйерлердің бастапқы түйсігі алдамады. Ағылшындар келесі кезеңге сенімді түрде бірінші орынмен шықты. Рас, соңғы турда АҚШ футболшыларымен тең түсті. Дегенмен, қазіргі америкалықтар да соккерді жақсы меңгерген. Ойыншыларының көбі Еуропада доп тебеді. Жастары жалындап тұр. Сондықтан шау тартқан Уэльс пен Азияның алды болғанымен әлемде аса көп тәжірибесі жоқ Иранды артқа тастауы – заңдылық.

«С» ТОБЫ

Алғашқы сенсация осы турдан басталды. Әлем чемпионатына Азия арқылы шыққан Сауд Арабиясы Лионель Мессе бастаған Аргентинаны сан соқтырғанда арабтарға кәдімгідей ішіміз жылып қалды. Алайда, екінші тур бәрін өз орнына қойды. Ал үшінші турда Аргентина мен Польша келесі кезеңге қол ұстасып шығып, арабтар мен мексикалықтарды еліне ерте қайтарды.

«D» ТОБЫ

Соңғы турда Туниске қарсы эксперимент жасап шалыс басты демесеңіз, Франция әлі де Әлем чемпионатының басты фавориті. Бұл топта Дания таңғалдырды. Жастар мен тәжірибелі жігіттерді жинаған олар үш ойында бір ғана ұпай еншілеп, топтық кезеңді соңғы орынмен аяқтады. Есесіне, Әлем чемпионатына бірнеше електік ойыннан өтіп әзер жеткен, оның үстіне, Катардағы алғашқы ойында франциялықтардан ойсырай жеңіліп, жаһандық доданы нашар бастаған Аустралия қалған екі матчта жеңіске жетіп, 6 ұпаймен келесі кезеңге жолдама алды.

«Е» ТОБЫ

«Ұшты-ұшты – Германия ұшты». Егер немістердің мундиальдағы ойыны туралы Тазша баладан сұрасаңыз, «Сізге өтірік, маған шын» деп бастар еді. Катардың аптап ыстығына қызып кетті ме, әйтеуір «неміс машинасы» Әлем чемпионатында сол күйі оталмады. Соңғы турда Испания оларды буксирмен сүйреп көрген. Алайда, өздері ұшып кете жаздады. Испания да Күншығыс елінің командасынан жеңілді. Тіпті, пиренейліктердің тағдыры үш минуттай қыл үстінде тұрды. Өйткені, өздері де жеңіліп жатты, қатар өтіп жатқан ойында Коста-Рика да сенсацияға жақын тұрды. Бақтарына орай, немістер таразы басын теңестіріп, сосын жеңісті жұлып алды. Әйтпесе, бұл топтан плей-офф кезеңіне самурайлар мен Коста-Рика шығар еді. Айтпақшы, Жапонияның премьер-министрі Фумио Кисида испаниялықтарға қарсы ойынды «тарихи

жеңіс» деп бағалапты. Тіпті, «тарихи чемпионат» десе де, артық айтпас еді. Себебі, 10 күннің ішінде олар Еуропаның ең мықты екі командасын тізе бүктірді.

«F» ТОБЫ

Бельгия құрамасының «алтын буыны» осымен аяқталған шығар. Мамандардың көбі «бұл буын 2018 жылы чемпион болуы қажет еді» дегенді айтып жатыр. Расымен солай ғой. Ол кезде үздік үштіктен көрінді. Дегенмен, футболшыларының біразы қартайды. 35 жастағы Ян Вертонген негізгі құрамда жүр. Шау тартқандары да көп. Солардың бірі – Эден Азар да әрдайым бірінші минуттан алаңда. Бұдан бөлек, команданың ішіндегі атмосфера да дұрыс емес. Кейбір ойыншылар бір-бірімен жылдап сөйлеспейді екен. Өлбетте, содан кейін рух та болмайды, жігер де жоғалады. Бельгия топтық кезеңде Канададан ғана озып, 3-ші орынды иемденді. Ал соңғы турдан кейін бас бапкері Роберто Мартинес қызметінен кететінін мәлімдеді. Демек, енді оларға бәрін басынан бастау қажет. Ал бұл топта бірінші орынды күтпеген жерден Марокко иеленсе, екінші орынмен плей-офф кезеңіне Хорватия шықты.

«G» ЖӘНЕ «H» ТОПТАРЫ

Түнде газетіміз баспаға кетіп қалғанда «G» және «H» квартеттері де топтық кезеңдегі соңғы ойындарын өткізді. Өлбетте, бұл топтардан Бразилия мен Португалия келесі кезеңге 2-ші турдан кейін-ақ шығып қойған. Енді екі жолдаманың иелерін табу ғана қалды.

Әзіз ЖҰМАДІЛ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ



EUR/KZT 489,06 теңге



USD/KZT 468,45 теңге



RUB/KZT 7,66 теңге



CNY/KZT 66,09 теңге